A.B.D. deki skandalların hemen akabinde skandalların etkileri bir dalga halinde avrupayı da etkilemiştir. 2003 yılına gelindiğinde italya da büyük bir gıda devi olan Parmalat'ta 4 Milyar Euro'luk bir muhasebe skandalı ortaya çıktı. Bank Of America'nın (BOA) şirkete daha önceden borç vermesi dolayısı ile başlatmış olduğu araştırma sonucunda Parmalat kayıtlarında bulunması gereken 4 milyar Euro'nun gizlendiği anlaşılmıştır. Parmalat yetkilileri sonuçta muhasebe kayıtlarındaki hatayı kabul etmiştir. Para Cayman Adaları'nda offshore da kullanılmış ve kayıtlarda illegal olarak gösterilmemiştir. Bu durum ise gerçeğin kayıtlara yansıtılmamasının bir sonucu olarak şirketin kredibilitésinin hızla düşmesine neden olmuştur [12].

Son yüzyılda ortaya çıkan skandallara baktığımız zaman bağımsız denetim şirketlerinin yapılan usulsüzlüklere ve muhasebe hilelerine göz yumdukları görülmektedir. Enron, Worldcom(Amerika), Parmalat(İtalya), Ahold(Hollanda) ve Kanebo(Japonya) gibi skandalların ortaya çıkması ile birlikte bağımsız denetim firmalarının denetimle ilgili fonksiyonlarını tam olarak yerine getiremedikleri görülmüştür. Tüm bu gelişmeler neticesinde finansal piyasaların güvenilirliğini sağlayacak, önemli ölçüde meslekten bağımsız olacak, kamu güvenini ve kamu yararını sağlayacak bir sisteme ihtiyaç duyulmuş ve birçok ülkede kamu gözetimi kurumları kurulmuştur.

4.4. Finansal krizler

Kriz kavramı iktisat literatüründe, çöküntü, bunalım, durgunluk, güç dönem ya da buhran gibi terimlere karşılık gelmekte ve genel bir ifadeyle, işletmelerin mevcut durumunu ve geleceğini etkileyen, hiç beklenmedik bir anda ortaya çıkan, genelde önlem alınmakta geç kalınan ve iktisadi işleyişi kısmen ya da tamamen değiştiren kapsamlı sorunlar bütünüdür. Finansal krizler ise ana hatlarıyla; bankacılık, para, dış borç ve sistemik finansal krizler olarak sınıflandırılabilir.

20. YY başı itibari ile bilinen en büyük ve geniş çaplı etkisi olan kriz 1929 büyük buhranıdır. Büyük buhrandan günümüze büyüklü küçüklü bir çok kriz olmuştur. 1990 Japonya, 1994 Türkiye, 1994-1995 Meksika, 1997-1998 Uzak Doğu Asya, 1998 Rusya ve Brezilya, 2001 Arjantin [13],

Yine 2000 li yılların sonları ve 2001 yılı başlarında ortaya çıkan ve Türkiye için çok önemli bir dönüm noktasının başlangıcı olan krizide dünyanın önemli krizlerinden biri olarak sayabiliriz. Son olarak ifade etmemiz gereken ve dünyayda geniş ekonomik sonuçları olan 2007-2008 ABD krizleri son zamanlarda meydana gelen krizlerdir. Bu krizlerin önemi buldukları ülkeler haricinden de önemli etkilerinin olması ve hızlı bir yayılım etkisine sahip olmalarıdır.

Finansal kriz olarak bahsedildiğinde 1929 buhranı bütün dünyada önemli olarak görülen ve dünya ekonomik buranı olaak nitelendirilen büyük bir krizdi. Yıl 2007 olduğunda ABD’de ipotekli konut piyasasında (mortgage) başlayan bir kriz, 2008 yılının son çeyreğinde dünyadaki hemen hemen tüm ülke ekonomilerini etkileyen küresel bir krize dönüştü. Bu kriz, 1929 yılında yaşanan Dünya Ekonomik Bunalımından (Büyük Buhran) dan daha büyük etkiler doğurdu ki hala bu etkiler günümüz de de devam etmektedir [14].

Küresel Finans Krizi’nin ana nedeni, yukarıda belirtildiği gibi finans sektöründeki denetimsizlik ve düzenleme eksikliğidir.

Finansal krizleri göstermiştir ki kamu ve özel olsun sektörde kurumsal yönetim politikaları açısından önemli bir boşluk mevcuttur. Bu boşluk kurumsal yönetimi de tanımlayan ve şirketin hem beşeri hem de finansal sermayeye çabuk ulaşmasını sağlayacak etkin çalışmasını gerektirecek, uzun dönemde pay sahiplerine ekonomik katma değer yaratacak ve aynı zamanda bulunduğu ortamda ki toplumun değer yargılarına saygılı sosyal sorumluluk sahibi şeffaf , adil, sorumlu ve hesap verebilir, şirketlerin oluşumu için bütün dünya da kabul görmüş kanun yönetmelik , kod ve uygulamalarla giderilmiştir.

Finans piyasalarının entegrasyonu neticesinde ortaya çıkan global finansal krizler pek çok ülkeyi ve pek çok şirketi etkileyebilmektedir. Hisselerin yayılması ya da kreditorlerin çoğalması denetim ihtiyacını ortaya çıkarmakta ve kurumsal yönetim anlayışını uygulamaya zorlamaktadır. Bu ihtiyaç kriz dönemlerinde daha da artarak ortaya çıkmaktadır. Özetle, kurumsal yönetim, finansal krizlere karşı daha dayanıklı bir şirket yapısı öngörmektedir [15].

4.5. Emeklilik fonları ve kurumsal yatırımlardaki artış

Emeklilik fonları ve yatırım fonları ülkelerin sermaye birikimlerinde önemli paya sahip enstrümanlardır. Kurumsal yatırımcı olarak tasarruf sahiplerinin birikimlerini profesyonel portföy yöneticileri tarafından en verimli alanlarda kullanarak yönetimidir.

Özellikle gelişmekte olan bir ülke için, emeklilik fonları ve yatırım fonları sermaye birikimi ve büyümenin sürdürülebilirliği açısından önem arz etmektedir. Ülkedeki servet birikiminin ve gelecekte bireylerin yaşamları boyunca refah seviyelerini artırmaları ve hayat standartlarını korumaları açısından önemlidir [16].

Profesyonel olarak yönetilen bu fonların nerelerde değerlendirildikleri farklı kesimlerden tarafından farklı değer görmekle birlikte yatırımcılar ve portföy yönetim şirketleri bakımından önemi daha yüksektir. Yatırımcılar portföyün kazanım performansları doğrultusunda fonlarını u değiştirmeye veya fondan çıkmaya karar verirken, potansiyel yatırımcılar ise portföy kazanımları doğrultusunda fona katılıp katılmama kararını vereceklerdir. Portföy yönetim şirketleri de, yönettikleri fonların performansını diğer enstrümanlarla karşılaştırarak kendi başarıları ve gelecekleri konmuşunda tecrübe edinecek ve başarılı enstrümanları seçeceklerdir. Bu durumda özellikle bu fonların değerli ve az riske sahip güvenilir şirket fonlarından seçileceği aşikardır.

Aynı zamanda uzun vadeyi kapsayan stratejik hedefler doğrultusunda oluşturulan emeklilik fonları, kamu ağırlıklı sosyal güvenlik sistemlerini tamamlayıcı bir fonksiyona sahiptirler. Bireysel tasarruf sahiplerinin ellerinde bulundurdukları tasarruflarını, kurumsal yatırım şirketleri tarafından yönetilen yatırım fonları ve emeklilik fonlarında biriktirilmesi suretiyle finansal bir güç ortaya çıkacaktır.

Yukarıdaki ifade edilen ve şirketleri için önemli fon kaynağı oluşturacak bu değerlerin, kurumsal yönetim ilkeleri çerçevesinde, daha adil, daha şeffaf, daha güvenilir ve daha çok sorumluluk sahibi şirketler tarafından kullanılması ve aynı zamanda bu fonları oluşturan portföylerde kurumsal yönetilen şirket enstrümanlarının ağırlıkta olacağı düşünüldüğünde kurumsal yönetimin önemi daha da ön plana çıkmaktadır.

4.6 Sermaye piyasalarındaki birleşmeler

Küresel sermayenin bir sonucu olarak gelişmiş ve gelişmekte olan ülkelerin sermaye piyasaları her geçen gün daha da bütünleşmektedir. Bütünleşen bu piyasalarda ise işlem yapan kurumsal yatırımcıların bilgi seviyesi ve çeşitliliği de artmaktadır. 1970'li yıllarda daha çok gelişmekte

olan ülkelerde ki yüksek getirilerden dolayı bu ülkelere giren yabancı fonların kaynağı çoğunlukla gelişmiş ve çok uluslu bankalardır 1990 lı yıllardan itibaren sermaye kaynağı yön değiştirmiş ve tahvil ve hisse senedine yatırım yapan kurumsal yatırımcıların önemi artmıştır.

Gelişmekte olan ülkelerdeki en önemli handikap sermaye birikimi konusunda ki sorunlardır. Gelişmekte olan piyasaların artık küresel piyasalarla bütünleşmesi, bu ülkelerin kullanabilecekleri fonların miktarını arttırarak ekonomik gelişimlerine büyük katkıda bulunmuştur. Yine gelişmekte olan ülkelerin küresel bütünleşmeleri ülke ekonomi ve piyasalarını gelişmiş ülkelerdeki gelişmeleri anında takip edebilme ve ayak uydurabilme imkanı da sağlamıştır [17].

Dünyadaki sermaye piyasalarının bütünleşmesi ve bunun yanında özellikle Avrupa Birliği' nin Euro ya geçmesi sonucu büyüyen sermaye piyasaları yanında kurumsal yönetime olan ilgiyi de arttırmıştır.

Bu piyasalarda işlem gören ve gelişimini devam ettiren işletmeler bütün dünya da kabul gören kurumsal yönetim ilkeleri doğrultusunda yönetilen işletmeler olacaktır.

Sonuç

Şirketlerin kurumsal yönetim ilkelerin uyumunun artması ile birlikte daha şeffaf, adil, hesap verebilir, sorumluluk sahibi yönetimlerin oluşmasına ve yasal mevzuatlara uyumu teşvik edecektir.

Şirketlerin kurumsal yönetim ilkelerine uyum düzeyinin yükselmesi, sermaye piyasalarının gelişmesine de çok önemli katkılarda bulunacaktır. Şirketlerin kurumsal yönetim uyum ve derecelendirme raporlarındaki göstergeler yatırımcılar açısından en çok önem verilen konular olmaktadır. Şirketleri açısından bakıldığında kaynakların etkin kullanımı verimlilik artışı sağlayacak, sermaye piyasalarında şirkete duyulan güvenin artmasına bağlı olarak fon transferini gerçekleştirimesi için gerekli kaynaklara daha kolay ulaşmasını sağlayacak ve daha çok yatırım yapma fırsatı kazanacaktır. Bu güven artışına bağlı olarak makro açıdan değerlendirildiğinde ise güven seviyesi yüksek işletmelerin varlığı ekonomik sistem ve sermaye piyasalarına karşı hem ulusal hem uluslararası sermaye hareketlerinin yönünü ülke ekonomisine girmeye teşvik edecektir.

KAYNAKÇA

1. OECD (2015), G20/OECD Principles of Corporate Governance, OECD Report to G20 Finance Ministers and Central Bank Governors, September.

2. Stijn Claessens and Burcin Yurtoglu, Corporate Governance and Development – An Update, Global Corporate Governance Forum Focus 10, International finance Corporation, 2012.

3. Holly J. Gregory, Marsha E., Simms Corporate Governance: What It Is And Why It Matters, 9 th International Anti-Corruption Conference, 10-15 October 1999, Durban, South Africa.

4. Oecd, (1998) Business Sector Advisory Group, Report to the OECD on Corporate Governance: Improving Competitiveness and Access to Capital in Global Markets at 20 April (the “Millstein Report”).

5. Hoppe Hans-Hermann (2011), Of Private, Common, And Public Property And The Rationale For Total Privatization, Libertarian Papers Vol. 3, Art. No. 1

6. *Shearing, C.* “The Relation Between Public and Private Policing.” In M. Tonry and N. Morris (eds.), *Modern Policing. Crime and Justice: A Review of Research.* Chicago: University of Chicago Press, 1992.

7. Ronald Fischer Rodrigo Gutierrez Pablo Serra, (2003) The Effects of Privatization on Firms and on Social Welfare: The Chilean, Case, Inter-American Development Bank, Network Working Paper #R-456, Felipe Herrera Library, New York Avenue, N.W. Washington.

8. *Yuhao Li*, (2010) The Case Analysis of the Scandal of Enron, *International Journal of Business and Management*, Vol. 5, No. 10; October 2010

9. M.Cunningham Gary, E. Harris Jean, (2006) Enron and Arthur Andersen: The Case of the Crooked E and the Fallen A, *Global Perspectives on Accounting Education* Volume 3, 2006, 27-48

10. *Sidak, G.* (2003). The failure of good intentions: The WorldCom fraud and the collapse of american telecommunications after deregulation. *Yale Journal on Regulation.*

11. *J.Randel Kuhn, Jr. , Steve G. Sutton*, (2006), Learning From Worldcom: Implications For Fraud Detection Through Continuous Assurance, *Journal Of Emerging Technologies In Accounting* Vol. 3 2006 Pp. 61–80.

12. Melis, Andrea, (2004) Corporate governance failures. To what extent is Parmalat a particularly Italian case?, 2nd International Conference on Corporate Governance Research, Birmingham Business School, UK 29 th June.

13. *Seyitoğlu Halil ve Yıldız Rıfat*, (2006). *Ekonomik Kriz Öncesi Erken Uyarı Sistemleri*, İstanbul: Arıkan Yayıncılık.

14. *Özatat, Fatih.* (2009), Finansal Krizler ve Türkiye, Doğan Kitap, 1. Basım, İstanbul.
15. Aktan Coşkun Can, <http://www.canaktan.org/yonetim/kurumsal-yonetim/aktan-kurumsal.pdf> e.t.: 2016.
16. *Dağlar, H.* (2007), Kurumsal Yatırımcılar Olarak Emeklilik Yatırım Fonları ve Performanslarının Değerlendirilmesi, TBB Yayınları, Yayın No: 249.
17. IMF, (2011) Articles of Agreement of the International Monetary Fund, Cataloging-in-Publication Data, Washington, D.C.

İ.Emre Göktürk – Yrd. Doc. Dr. Öğretim Üyesi H.A.Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, e-mail iegokturk@gmail.com

Alimbayeva A. – Öğretim Elemanı, H.A.Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, e-mail ernur_80a@mail.ru

ӘОЖ 330.322.013

А.А.АЛИМБАЕВА

**МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ
ЖҮРГІЗУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**

Бұл жұмыста мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізудің шетелдік тәжірибелері қарастырылады. Шетел инвестицияларын тартуда саяси-экономикалық жеңілдіктер мен шаралардың түрлері көрсетіледі. Тиімді инвестициялық саясатты жүргізу жолдары қарастырылады. Шетел инвестицияларын тартуды жүзеге асырудың белсенді жолдары көрсетіледі. Экономикалық дамудың, құрылымдық қайта құруды ұтымды жүзеге асырудың жолдары көрсетіледі.

Тірек сөздері: инвестиция, инвестициялық саясат, инвестициялық ресурстар, инвестициялық өсу, шетелдік инвестициялар, инвестициялық үдеріс, әлемдік тәжірибе.

А.А.Алимбаева

**Зарубежный опыт введения инвестиционной политики
государства**

В этой работе рассматривается зарубежный опыт введения инвестиционной политики. Представлены виды политико-экономических стимулов и мер по привлечению иностранных инвестиций. Рассматриваются эффективные пути введения инвестиционной политики. А также активные способы привлечения иностранных инвестиций. Представлены пути реализации структурных преобразований и экономического роста.

Ключевые слова: инвестиция, инвестиционная политика, инвестиционные ресурсы, инвестиционный рост, иностранные инвестиции, инвестиционный процесс, мировой опыт.

A.A.Alimbaeva

Foreign experience of the executive of the state investment policy

This study analyzes the foreign experience of the execution of the public investment policy. kind of political and economic incentives and measures in attracting foreign investments. effective way of investment policy. active ways to attract foreign investment. effective ways of restructuring the economic development of the structure are analyzed.

Keywords: investment, investment politics, investment resources, investment height, foreign investments, investment process, world experience.

Anahtar kelimeler: yatırım, yatırım politikasi, yatırım kaynakları, yatırım yüksekliği, yabancı yatırımlar, yatırım süreci, dünya deneyimi.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыруға әлемнің көптеген мемлекеттері қызығушылық танытады. Себебі, олар өндірістің жаңа түрлерінің пайда болуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жаңа тауарлар мен қызметтердің шығарылуына және шығарылып жүрген тауарлар мен қызметтердің сапасының артуына, мемлекет пен кәсіпорындардың қызметкерлері үшін жаңа кірістердің қалыптасуына жағдай жасайды.

Әлемдік инвестициялық тәжірибе көрсеткендей, ауқымды инвестициялардың салымы экономикалық өсудің кепілі бола алмайды. Маңызды рөлді инвестициялардың құрылымы мен сапасы және адами капитал мен техникалық біліктілік алады. Тәжірибе жүзінде шетел капиталын тиімді пайдаланып отырған дамушы мемлекеттерге тоқтала кету керек. Олардың ішінде жоғары дәрежеде экономикалық өсуі тікелей шетел инвестицияларын тартуға байланысты болған, әлемде қысқа мерзім аралығында таң қаларлық нәтижеге жеткен Азияның жаңа индустриалдық елдерін қарастыруға болады [1].

Жалпы алғанда, бұл елдердегі инвестициялық климат жағымды деп айтуға болады. Шетел инвестицияларын тартуда бұл елдерде «ынталандыруды шектеулермен үйлестіру» қағидасы қолданылады. Бір жағынан шетел инвестициясын тартуда саяси-экономикалық жеңілдіктер мен шаралар жасалады, шетел инвесторларының заңды құқықтары мен көзқарастары қорғалады - бұл ынталандыру шаралары болса, екінші жағынан шетел инвестицияларына көпжақты шектеулер қойылады, яғни ұлттық өнеркәсіп және елдің экономикалық ресурстары қорғалады. Шетел капиталына қатысты саясаттың нәтижелілігі бұл екі факторды тиімді үйлестіре білуде болып табылады.

Жеңілдікті салықтық саясаты шетел инвестициясын елдің экономикалық стратегиясы және салалық саясатты ескере отырып, ынталандыру негізінде жүргізіледі.

Сингапур елінде шетел инвесторларының кәсіпорындары жаңа өнеркәсіптік және экспортқа бағытталған салаларда қызмет атқарса,

қызмет мерзімінің алғашқы 5-10 жыл мерзімінде табыс салығынан босатылады. Сонымен қатар, жарғылық капиталдан алынатын дивиденттерге салынатын салықтан босатылады. Шетел инвестицияларын басқаруда бұл елде экономикалық даму бюросы жобаларды қарастыратын және қабылдайтын жалғыз орган болып табылады. Сингапур мемлекетінде үкімет кәсіпорын жұмысшыларының техникалық оқытылуын міндет етіп белгілейді және олардың оқуы үшін субсидия береді. Мемлекет шетел инвестицияларына белгілі бір аймақтардың қызмет атқаруын шектейді және тыйым салуы мүмкін. Мысалы қорғаныс өнеркәсібі және тағы басқа өмірлік маңызы бар салалар.

Таиландта шетел кәсіпорындары мемлекеттің көтермелеу шаралары жүргізілетін салаларында қызмет атқарса, заңды тұлға алғашқы 5-8 жыл мерзімде табыс салығынан немесе тантьем салығынан босатылады. Мемлекеттің арнайы аймақтарында қызмет ететін кәсіпорындар алғашқы қызмет мерзімінің 3-8 жылы табыс салығынан босатылады екен. Мемлекетте шетел инвесторларына мемлекеттік монополиялық салаларда қызмет атқаруына тыйым салынады. Мысалы, табак өндірісі, теміржол транспорты, азаматтық авиация және тағы басқа салалар.

Малайзияда жаңа өнеркәсіптік салаларда немесе жұмысбастылықты көбейтетін салаларда қызмет ететін шетел компаниялары қызмет мерзімінің алғашқы 2-5 жылында табыс салығынан босатылады. Сонымен қатар өнімдері экспортқа бағытталған кәсіпорындарға бұл мемлекетте негізінен 3 жеңілдік түрі беріледі, олар: 1) табыс салығы табыстың белгілі бір бөлігінен ғана алынады; 2) амортизацияға жеңілдік (40%-ға дейін); 3) экспорттан алынатын табыстың бір бөлігі экспортты ынталандыруға бағытталады.

Инвестициялық саясаттың нәтижелі жүргізілуіне Вьетнам мемлекеті жақсы мысал бола алады. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасына қарай ұлттық капитал әлсіз және өнімділігі төмен болғанда экономикалық өсудің тұрақты дамуында шетелдік инвестициялар шешуші рөлде болды. Вьетнам мемлекетінде әлеуметтік бағытталған экономикалық стратегия, шетелдік инвестицияларды тартуға тиімді алғышарттар жасады. Вьетнамда шетел инвесторлары ішінде маңызды орында АСЕАН мемлекеттері, Жапония мемлекеті, Азия НИСі, кейін келе Қытай, Европа Кеңесі, АҚШ мемлекеттері орын ала бастады. Сонымен қатар, Шығыс Азия мемлекеттері - Сингапур, Тайвань, Жапония, Корея Республикасы және Гонконг мемлекеттері де

Вьетнамға қызығушылық танытып отырған инвесторлар болып табылады. Олар жалпы Вьетнамдағы шетел мемлекеттерінің салымдарының 2/3 бөлігін алады. Вьетнам Социалистік Республикасы тікелей шетелдік инвестицияларға көп көңіл бөледі, себебі қор нарығы дамымаған, мемлекеттік секторды жекешелендіру баяу жүзеге асырылып жатыр және портфельдік инвестициялар көлемі қаржылық капиталдың көлемі жағынан 2%-дан аспайды. Тәжірибе дәлелдегендей, жағымды инвестициялық климаттың маңызды факторы ретінде заңнамалық базаның үнемі жетілдіріліп, дамып отырылуы қарастырылады [2].

Шетел капиталын пайдалана отырып, яғни тиімді инвестициялық саясат жүргізе отырып, Вьетнам үкіметі тұрақты дамушы мемлекет ретінде көрініп отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық өсу инвестициялық саясаттың әсерінен болады. Бірақ, шетел инвесторлары үшін шикізат өндіруші салалар, әсіресе, мұнай-газ салалары басымды болып отыр. Осындай жағдайда экономиканың қалыпты және қарқынды дамуы қолайлы инвестициялық саясатқа тәуелді. Экономикалық дамудың, құрылымдық қайта құруды ұтымды жүзеге асырудың, әлемдік нарықта бәсекелестік позицияларды бекітудің қажетті шарты инвестициялық ресурстар болып табылады. Оңтүстік-Шығыс Азияның “жаңа индустриалды елдері” экономикалық феноменінің пайда болуы, қазіргі заманғы ғылыми негіздегі салалардың кең бағытта дамуға көшуі бұл елдер экономикасындағы инвестицияның қарқындап өсуінің арқасында мүмкін болды.

Шетелдік теория мен практикада инвестициялардың тиімділігіне баға бергенде тек қаржылық нәтижені айқындаумен шектелмей, материалдық емес сипаттағы қоғамдық құндылықтарды және оларға жұмсалатын шығындарды (мәселен, денсаулық сақтауға, білім беруге, біліктілікті арттыруға, кадрларды қайта даярлауға, экологияны жақсартуға, тұрмыс сапасын арттыруға және т.б. кететін экономикалық шығындарды) қоса есептегендегі қоғамның жалпыұлттық мақсаттарын ескеретін экономикалық нәтиже де айқындалатыны белгілі. Инвестициялық саясат пайда табуға бағытталған, бірақ оны жүргізу барысында әлеуметтік тиімділіктің болғаны және қол жеткізілгені жөн (халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту, жұмыссыздықты азайту және т.б.) және де осы тиімділікті экономикалық (жаңа технологияларды енгізу, экономиканың артта қалған салаларын дамыту және т.б.), экологиялық (қазіргі кездегі проблемаларды шешу

және болашақтағы экологиялық мәселелерді болдырмау, қоршаған ортаның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасау және т.б.) және ғылыми-техникалық тиімділіктермен (отандық ғылым мен техниканы, инновациялық қызметті дамыту және т.б.) ұштасып жатуы қажет [3].

Соңғы кездегі инвестициялық процестегі мемлекеттің қолданып отырған саясаты елдің жалпы стратегиялық даму бағытына сай жүзеге асырылып жатыр деп есептесе болады. Себебі, жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық жүйеге өтудің бастапқы кезеңінде ел экономикасын аяғына тік тұрғызу шетел инвестицияларынсыз мүмкін емес еді. Ал, қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық реформалар сәтті іске асырылып, халықтың әл-ауқаты түзеліп, микроэкономикалық өзгерістер шынайы қолға алынып отырған уақытта отандық инвестицияларды қолдап, оларды шетелдік инвестициялармен теңестіру мақсаты мен құқықтық негізінің жасалып жатқандығын ерекше атап көрсету керек.

Қоғамның экономикалық жүйесінің қосалқы элементі болғандықтан, инвестициялық саясаттың өзіне де жүйелік сипат тән екенін елге тартылып отырған шетел инвестицияларын және Қазақстандағы жалпыұлттық әрі аймақтық деңгейдегі инвестициялық саясатты әлеуметтік талдау арқылы дәлелденді. Шетелдік компаниялардың, фирмалардың көптеген өкілдері, жеке бизнесмендер Қазақстандағы инвестициялық ахуалды жоғары бағалайды. Ілгеріде көрсетілген факторларға қоса ыңғайлы геосаяси жағдайдың, саяси ахуал мен халықаралық қатынастардың тұрақтылығын айрықша атайды. Экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды тұрақтандырып, олардың құрылымдық жүйесінің өзгеруіне үлес қосатын шетел инвестицияларының маңызы зор. Шетелдік инвестицияларды толық, тиімді пайдалану, қандай да ел үшін объективті қажеттілік. Ол – ел экономикасын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кеңінен қатыстырып, мұқтаж салаларға капитал келтірудің тиімді жолы және экономикалық даму негізі.

Шетел капиталы ақша қаражаттарының жай массасы ретінде ғана қажет емес, жаңа әлемдік ғылыми-техникалық жетістіктер, технологиялар енетін маңызды арна ретінде қажет. Шетел инвестицияларын Қазақстанға тартуда мынадай қағидаларды басшылыққа алу қажет: экономикалық мақсатқа сәйкестілік, әлеуметтік-экономикалық тиімділік, экономикалық-экологиялық қауіпсіздік, шетел инвестицияларын тарту барысында өзара тиімділік қағидасы және т.б. Шетелдік инвесторларының басты мақсаттарының

бірі – барынша мол пайда алу және оны одан әрі іске асыру үшін тиімді жағдай табу. Бұл ұмтылыс қазақстандық мүдделермен толық сәйкес келеді, өйткені инвестициялық жобаларды іске асырудан түсетін пайда серіктес тараптар арасында бөлінеді. Шетел инвесторын қызықтыратын тағы бір жағдай – оның инфрақұрылым жағынан да, тұтыну тауарларын өндіру тұрғысынан да зор мүмкіндігі бар ұшан-теңіз Қазақстан нарығын жаулап алуға деген құлшынысы. Елдің өндірісі мен инфрақұрылымын техникалық жағынан жаңғырту қажеттігі, бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтердің үлесі едәуір кем болуы Қазақстан нарығында шетел инвесторларының алдынан кең мүмкіндіктер ашады. Мұндай мүмкіндіктердің жүзеге асуына Қазақстан жағы да мүдделі, өйткені ол арқылы қосымша инвестициялардың келіп қосылуы және көптеген толғақты мәселелердің шешілуі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан экономикасындағы шетел инвестицияларының рөлін келесідей факторлармен дәлелдеуге болады:

- 1) Халықаралық қаржылық ұйымдардан қарыз түрінде шетел инвестицияларының келуі;
- 2) Ірі инвестициялық жобаларға тікелей шетел инвестицияларын тарту мүмкіндігі;
- 3) Жаңа техника, технология, өндірісті ұйымдастырудың прогрессивті формаларын алу;
- 4) Халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы.

Шетел инвестициялары ұлттық компаниялардың және мемлекеттің активтерінде келесідей түрлері ретінде жұмсалады: 1) жұмыс істейтін немесе жаңа өндірістік объектілерге инвестициялар; 2) отандық компаниялардың бағалы қағаздарына жұмсау; 3) халықаралық қаржылық ұйымдардан немесе шетелдік коммерциялық банктердің қарыздары; 4) сауда маркаларын, патенттерді, лицензияларды сатып алу [4].

Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларының ағылуы келесідей әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге мүмкіндік беруі тиіс:

1. Сыртқы нарыққа қазақстандық тауарлардың және технологиялардың алға басуы;
2. Экспорттық әлеуетті кеңейтуге және диверсификациялауға, сонымен қатар жеке салаларда импортты ауыстыратын өндірісті дамытуға ықпал жасау;

3. Еңбек артықшылықты аймақтарға және табиғи ресурстары бай аудандарға капитал ағынын әкелуге әрекет жасау;

4. Жаңа жұмыс орындарын ашу және өндірісті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы формаларды меңгеру;

5. Кәсіпкерлік аяда өркениеттік қатынастардың тәжірибесін меңгеру;

6. Өндірістік инфрақұрылымның дамуына әрекет жасау.

Шетелдік инвестордың ендігі бір қызығатыны – елдің табиғи ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігі. Шикізатты қарқынды игеріп, өңдеуге, сонымен бірге әлеуметтік-экологиялық мәселелерді шешуге және кен орындарын пайдаланудан барынша мол қайтарым алуды қамтамасыз ететін жоғары технологияларды пайдалануға Қазақстан жағы да мейлінше мүдделі. Бірақ бұл мүдделілікті іске асыру елеулі инвестицияларды қажет етеді. Демек, тараптардың мүдделерін үйлестіру үшін мемлекеттің тиісті нысаналы саясаты болуы керек, ол елдің табиғи ресурстарын, Қазақстанды өзге жұрттық шикізат шылауына айналдыру үшін емес, өндіріс пен халықтың ішкі қажеттіліктері үшін игеруге септесетін болады. Сондықтан да нарыққа бет бұрған елдерді жүйелі түрде қаржыландыруды халықаралық инвесторлар жан-жақты келісімдер бойынша бекітілген әлеуметтік-экономикалық жоспарлардың негізінде жүзеге асыруы тиіс. Шетел инвесторларын Қазақстанға тартуда әртүрлі қиындықтар мен ғалымдардың қарама-қайшы пікірлері бола тұрса да, олардан түсетін пайда әрине көп, және де елдің экономикалық дамуына тиімді. Дегенмен де бұл үрдістің кемшіліктері де жеткілікті.

Біріккен кәсіпорындарды (БК) құру құжаттарын дайындау кезеңіндегі және келіссөздер жүргізу барысындағы тәжірибенің жетіспеушілігі, шетел серіктестерінің сенімділігі мен несиені өтеу қабілетін тексермеушілік, келісім-шарттарды жүргізіп, бекітудегі асығыстық көптеген шетелдік компаниялардың жобаларды қажетті түрде қаржыландыруды қажетті түрде қамтамасыз ете алмауына әкелген.

Инвестиция қабылдаушы елдің инвестиция беруші елге экономикалық тәуелді болуымен бірге саяси жағынан да тәуелді болып қалуы мүмкін екендігін естен шығармау керек. Бұл жағдайда ол елдің тәуелсіздігі мен егемендігі жай қағаз жүзіндегі мәселе болып есептеледі. Сондықтан, елдің экономикасында шетелдік және ұлттық капиталдардың бір-біріне сәйкес келетін қолайлы ара қатынасының болуы үшін барлық мүмкіншіліктерді жасау қажет. Шетел

инвестицияларының республика экономикасындағы рөлін салмақтай келгенде біз кәсіпорындар қызметінің әлеуметтік салаларының мардымсыз екенін атап өту керек. Әрине, әлеуметтік сала оның жағдайын анықтайтын бірегей көрсеткіші жоқ күрделі сала. Бірлескен кәсіпорындар іс-әрекетінің әлеуметтік салаларының әлсіздігі көбінесе инвестор мен жергілікті еңбек ресурстарының арасындағы қарым-қатынас жөнінде заңнамалық базаның болмауына байланысты.

Қазақстан өнеркәсібіне шетелдік инвестицияларды тартудың басым бағыттарын таңдау әлеуметтік-экономикалық өсудің аса маңызды шарты болып табылатын бәсекелестікті дамыту қажеттігінен тууы керек еді.

Мемлекеттің инвестициялық процеске қатысу формалары сапалық жағынан өзгертілуі керек. Атап айтсақ, жанама бюджеттік қаржыландырудың, жобаларды бірлесіп жүзеге асыру және мемлекеттік кепілдіктер беру практикасының есебінен тікелей бюджеттік қаржыландыру қарастырылуы керек. Жалпы шетелдік тәжірибені жай ғана көшіріп ала бермей, елдің ерекшеліктерін ескеруді де ұмытпаған жөн. Инвесторлардың қызметіне жеңілдік жағдайларын туғыза отырып, мемлекет өз мүддесін қорғауды да қамтамасыз етуі керек. Қазақстан Республикасында өз өндірісшілеріне деген пәрменді мемлекеттік қолдаушылық саясат жоққа тән. Импорттық баж салымын арттыру шаралары дәрменсіз, тіпті зиянды да, өйткені олар өнім сапасын жақсартудың еркін бәсеке сияқты пәрменді факторын жоққа шығарады [5].

Нарықтық қатынастар логикасы экономиканы дамыту үшін ірі инвестициялық ресурстарды жұмылдыру қажеттігін алға тартады. Нақты секторға, әлеуметтік және біліми бағдарламаларға бағытталғанда олар мемлекет тарапынан ұдайы қолдау тауып отыруы керек, ал басқа көздерді іске асырудың салмағы бүтіндей жеке инвесторларға түсуі тиіс. Ғылыми зерттеулерде шетел инвестицияларын елдің экономикалық тетігіне айналдыруда, оларды басқаруда арнайы мемлекеттік органдардың қажет екені айтылып жүр. Сонда ғана шетел капиталы мен инвестицияларының елдегі іс-әрекеті үйреншікті құбылысқа айналып, көптеген мәселелер нақты шешілер еді. Негізінен, шетел инвестицияларын жүйелі түрде тарту – ұлттық экономикаға капитал салымын үдетіп, өндірісті жаңаша ұйымдастыруға, менеджментті дамытуға, соның негізінде әлеуметтік саланы көтеруге мүмкіндік беретін нарықтық қатынастардың негізгі шарты.

Қазіргі кезеңде мұнай-газ саласы – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің, соның экономикалық қауіпсіздігінің және ішкі саяси тұрақтылығының құрамдас бір бөлігі болып саналатындықтан, бұл салаға бірнеше маңызды стратегиялық міндеттерді (басымдылықтары) шешу жүктеліп отыр .

Қазақстан көптеген дүниежүзілік ірі және орташа компаниялардың назарын аударып отыр. Олардың арасында «Шеврон», «Бритиш Петролеум», «Шелл», «Мобил», «Тоталь», «Статойл», «Аджип», «Бритиш газ» сияқты алыптар бар (кесте-1).

Кесте-1. Қазақстандағы үлкен біріккен кәсіпорындар тізімі.

Біріккен кәсіпорындар мен серіктес елдердің атауы	Жарғылық қордың нақты көлемі, мың тг.	Экспорт		Импорт	
		Мың \$	% - да, жалпы көлемде үлес салмағы	Мың \$	% - да, жалпы көлемде үлес салмағы
1	2	3	4	5	6
Тенгизшевройл (АҚШ)	68400	179302	78	-	-
Казхапромставба (Чехия)	7083	18243	8	567	0,4
Алматы темекі компаниясы (АҚШ)	30577	406	0,2	14558	10
Қазақстанның көгілдір жұлдызы (Греция)	1238	-	-	6686	5
Дакотел (Германия)	17941	-	-	4302	3
Ерг – Ом (Туркия)	319	-	-	4095	3

Ескерту: ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылды, 2015.

Мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жөніндегі ең ірі жобалардың бірі – дүние жүзіндегі ірі-ірі жеті мұнай компаниясын біріктіретін «ҚазақстанКаспийШельф» консорциумы да ерекше. Әрине, шетел инвестициялары қазіргі уақытта қай елде болмасын экономиканың жанданып өсуіне себеп болып отыр. Олар Қазақстан экономикасын жоғары рөлде демонополизациялау процесін атқарып, еркін бәсекелестікке, өндірісті дамытып, реттеу мен ынталандырудың нарықтық механизмдерінің қалыптасуына әсер етіп және осыған

сәйкес жүргізілген шаралардың арқасында терең инфляциядан шығуға мүмкіндік береді. Мұнай өндіру үшін энергетикалық инвестицияларды қайтару (ERO) зерттеулері, әдетте, ірі аймақтарда немесе елдерде статистикаға негізделген. Жүргізушілердің мұнай өнімдерінің энергия тиімділігін түсіну үшін; мұнай және газ өндіру, бұрғылау, шикі мұнай мен өндірістік процесті тасымалдау, энергетикалық қажеттіліктерін есептеу үшін егжей-тегжейлі деңгей даланың инженерлік қамтамасыз етілген жаңа тәсілді қолданамыз. Жаһандық кеніші зерттелген 40 бағыттың әрқайсысының техникалық және ғылыми деректер көздерін зерттейміз [5].

Тәуелсіздіктің бірінші кезеңінен бастап шетелдік инвестицияларды тартуға қолайлы жағдайлар туғызылды. 2007-2010 жылдар арасында республика тікелей инвестиция ретінде 68 млрд. АҚШ долларын тартты, адам басына шаққанда 4,4 мың АҚШ долларын құрайды. Жан басына шаққандағы көлемі бойынша Қазақстан ТМД елдерінің ішінде жоғарғы орындарға ие.

Дегенмен, шетел инвестицияларын экономикаға тарту мәселесі әлі де өзекті. Бұған себепші келесі факторлар: біріншіден, экономикалық жүйені реформалау кезеңінде ішкі қаржылық ресурстар азайып кетіп, экономика салалары өзінің өндірістік аппаратын жаңарта алмады. Екіншіден, өндеуші саладағы инвестиция көлемі әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығаруға жеткіліксіз. Инвесторлардың көзқарастары экономиканың нақты қажеттеріне сай еместігінен инвестициялардың жеткіліксіздігі орын алып отыр. Өнеркәсіптің еркін қаржылары күнделікті қажеттіліктерге жұмсалып отыр. Сонымен қатар, коммерциялық банктер әлі де экономиканың нақты секторын қаржыландыру көзі болмай тұр.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғауды және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша назарда бірінші кезектегі мәселелер қатарында тұрады. Экономиканың бірнеше секторы бар: табиғи ресурстарды игеру, инфрақұрылым, коммуникациялар және ақпарат, ел үшін бұлар тұрақты маңызға ие. Осы салаларды дамыту экономикалық өрлеуге ғана емес, әлеуметтік салаға да, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігуіне ықпал етеді. Бұлар капиталды қажет ететін салалар, оларды дамыту үшін шетел капиталымен қатар мемлекеттің қатаң стратегиялық бақылауы қажет. Бірақ тіпті Адам Смиттің де мойындағанындай, жекеше секторды қызықтырмайтын кейбір қоғамдық мұқтаждар да бар. Мұндай

жағдайларда және осы мұқтаждарды қамтамасыз етудегі соңғы шара ретінде мемлекет оны өз мойнына алады [6].

Аймақаралық ірі көлік орталығы ретіндегі елдің бағыты шетел инвестицияларының, неғұрлым бәтуагер тәртібін орнатуды талап етеді. Тек осылайша ғана ел қаржы мен білімнің қажетті ағынын тартып, өз мүмкіндіктерін және шетелдермен тұрақты сауда айырбасын дамыта алады. Әділ әкімшілік бұлжытпай орындайтын, анық, тиімді және қатаң ұстанатын заңдары бар ашық және бәтуагерлік инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тартудың барынша қуатты ынталандыру тетігі болып табылады. Мұндай саясатты талдап жасау негізгі міндеттердің бірі болуға тиіс, өйткені Қазақстанның шетел капиталынсыз, технологиясынсыз және тәжірибесіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңартуға қалай қол жеткізетінін көз алдымызға келтіру қиын.

Қазіргі кезеңде тікелей инвестицияның басымдылық маңызы мойындалып келеді. Біздің басты көңіл бөлуіміз шетел инвестициясын қорғау мәселесі. Сондықтан да Мемлекеттік инвестициялық комитет құрылды және оған тікелей инвестицияны Қазақстанда пайдалану құқы туралы саясатты жүргізетін бірден бір мемлекеттік ұйым мәртебесі берілді. Алайда, шетелдік инвестицияны тарту барысында да көп кедергілер бар көрінеді. Олар мыналар: Қазақстан нарығының іскерлік белсенділіктің төмендігі; Реттеуші шаралар шалағайлығы; Өтімді қаржы құралдарының азаюы, төлем күшінде әлсіздік дағдарыстың орын алуы; Шынайы ақпараттың жеткіліксіз болуы.

Инвестициялық саясаттың ұтымды жүйесін қалыптастыру үшін мемлекет Даму бюджеті, Ұлттық мұнай газ қоры, мемлекеттік несие ұйымы сияқты қаржылық институттар мен механизмдерге мән беруі шарт. Шетелдік инвестицияларды пайдалану қай ел үшін болса да объективті қажеттілік. Ол, ел экономикасын халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кеңінен қатыстырып, мұқтаж салаларға капиталдар келтірудің тиімді жолы.

Шетелдік инвестицияларды Қазақстанға тарту мынадай мәселелерді шешуге көмектеседі:

- 1) экономикалық және техникалық прогресті жеделдету;
- 2) өндірістік аппаратты жаңарту мен қайта жарақтандыру;
- 3) өндірісті ұйымдастырудың үздік әдістерін үйрену;
- 4) нарықтық экономиканың талаптарына сай кадрларды даярлау.

Шетел инвестицияларын тартудың тағы бір негізгі қағидасы – ол келісілген істің екі жаққа да пайдалы болуы. Халықаралық тәжірибеге

көрсеткендей, біржақты табыс алуды қуалау тек елдер арасындағы инвестициялық қарым-қатынасты қиындатады, нәтижесінде екі жақ та ұтылып қалуы мүмкін [7].

Маңызды қағидалардың бірі елдердің инвестициялық келісімдері мен инвестициялық жобалардың ашық, жариялылық негізде болуы. Инвестициялық жобалардың негізгі көрсеткіштер және жүзеге асыру механизмдері келісуші жақтарға алдын ала белгілі болуы шарт. Және де қоғамдық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Егер қағидалар инвестициялық қызметті дұрыс басқару үшін қажет болса, шетелдік инвестицияларды тарту формалары нақты жағдайды ескере отырып, олардың қолайлысын таңдап алу үшін қажет. Тікелей инвестициялау шетел инвестицияларын тартудың тиімді және нәтижелі түрде болып есептеледі. Ол адрестілігімен және өндірістік сфераға бағытталуымен ерекшеленеді. Ол халықаралық экономикалық және ғылыми-техникалық интеграция үрдісін жеделдетуге мүмкіндік береді, біріккен кәсіпорындар құру негізінде екі жақтың интеллектуалдық әлеуетін өзара байытады [8].

Қазақстандағы инвестиция процесін әрі қарай жетілдіру үшін инвестицияны тек қана мұнай-газ және металлургия секторына емес, экономиканың мынадай салаларына: агроөнеркәсіптік кешен, тамақ-тоқыма өнеркәсібі, машина жасау, туризм, көлік, құрылыс материалдары өнеркәсібі, мұнай-химия өнеркәсібін дамытуды қолға алуымыз қажет. Теріс тенденциялардан құтылу үшін, шетел инвестициясын пайдалану тиімділігін жоғарылатуымыз керек. Сонда экономикадағы өндірісті өсіруге, ішкі және сыртқы нарықта қазақстандық кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін өсіруге себеп болатын сапалық өзгерістерге қол жеткіземіз.

Дүниежүзілік тәжірибеде көрсетіп отырғандай, дамыған елдерден қай жағынан болса да кейін қалуды азайтуда мемлекеттің рөлі, оның экономиканың маңызды салаларындағы инвестицияларды реттеу қызметтері ерекше жүйелі болуы қажет. Сонда ғана ел тұрғындарының мүдделері дұрыс ескеріліп, шешіліп отырады.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасында мемлекеттік инвестициялық саясатты жетілдіру бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесінде инвестициялық саясат халық шаруашылығының әр түрлі салаларында пайда табу мақсатымен ұзақ мерзімді капитал жұмсау саясаты. Күрделі қаржыны тиімді пайдаланудың, оларды шешуші бағыттарға шоғырландырудың, қоғамдық өндірісте тепе-теңдікті қамтамасыз етудің жолдарын көрсететін шаруашылық шешімдерінің жиынтығы. Егер инвестициялық саясат дұрыс шешілсе, әрбір шығындалған теңгеге келетін ұлттық табыстың мөлшері өседі, өнім молаяды. Инвестициялық саясат күрделі қаржыны, қорларды өндіретін,

өндөйтін және ол өнімдерді пайдаланатын салалар арасында дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуі керек. Қазіргі кезде күрделі қаржыны жаңа өндіріс орындарын тұрғызудан гөрі оларды техникалық жағынан қайта жарақтандыруға, қайта құруға бағыттталып, одан әрі өндіріске жұмсалған күрделі қаржының ара салмағын өсіре беру көзделіп отыр. Нарықтық экономикаға көшу кезінде инвестициялық саясат сұранысты қанағаттандыруға бағытталуға тиіс.

Инвестициялық саясатты іске асыру барысында көптеген мемлекеттер басты назарды шетел инвестицияларын тартуға бағыттайды. Бірақ олардың экономикалық рөлі тек шағын экономикада ғана маңызды болуы мүмкін. Өзінің инвестициялық мүмкіндігі жеткілікті ел үшін шетел инвестицияларының технологиялық рөлі маңыздырақ болады, өйткені олар алдыңғы қатарлы технологияларымен басқа елдермен алмасуға мүмкіндік береді. Жалпы мемлекеттің инвестициялық саясатын жетілдіру бойынша мынадай бірқатар ұсыныстар жасауға болады:

1. Ішкі ресурстардың шектеулілігі жағдайымен шетел инвестициясын Қазақстанның барлық территориясына әртараптыңдыру қажет.

2. Біздің елге шетел инвестициясын кең тарту үшін қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру қажет. Қолайлы инвестициялық климатты қалыптастырудың маңызды рөлі соңғы жинап келгенде мемлекетке және солармен өткізілетін саясатқа тән.

3. Қазіргі таңда шетел инвестициясының көлемі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу жеткіліксіз және олар тиімді пайдаланудың басымды принципіне сәйкес келмейді. Республиканың тәуелсіздік кезеңінде нақты шетел инвестициялары қай шикізатпен еңбекті максималды қамтамасыз етуге болса негізінен сол салаға құйылады.

4. Мемлекеттің инвестициялық саясаты макро және микро деңгейде шараларды қосу керек. Макро деңгейде олар экономиканың құрылымдық өзгерулерін қамтамасыз ету және ғылымды қажетсінетін өндірісті құру керек. Микро деңгейде олар: нарықтың қажеттілігінің сипаттамасына жауап бермейтін, шешуші, ірі ауқымды тозған өндірістік қуаттан құтылуға бағытталуы қажет.

5. Инвестицияны тартудың маңызды формасымен дамыған елдерден республиканың техникалық артта қалуын жеңіп шығу біріккен кәсіпорындарды (өндірісті) құрумен бар болған табиғи ресурстарды бірігіп пайдалану бойынша шетелдік серіктестерімен концессиялық келісімдер негізінде қазіргі технологияларды енгізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кондратенко Е.* Инвестиционные ресурсы – проблемы аккумуляции // *Экономист.* - №7. - 2000. – С.78.
2. *Крутик А.Б., Никольская Е.Г.* Инвестиции и экономический рост предпринимательства: Учеб. пособие. - СПб.
3. *Мартынов А.* Активизация инвестиционной политики // *Экономист.* - №9. – 2008. – С.44-50.
4. *Ходов Л.Г.* Основы государственной экономической политики. - М.: БЕК, 2004.
5. Energy Return on Investment (EROI) for Forty Global Oilfields Using a Detailed Engineering-Based Model of Oil Production, PLOS ONE, випуск 12. nomer stati 0144141/DEC 22.2015
6. *Шөптібаева Г., Досмұхамедов Х.* Инвестициялық тартымдылықты әлеуметтік салаға жұмылдыру. // *Саясат- Policy №2, 2004ж.*- 75 бет.
7. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәліметтері, 2014.
8. *Комаров В.* Прямые иностранные инвестиции и транснациональные корпорации // *Экономист, №7, 2009.* – 89-95 бет.

REFERENCES

1. *Condratenko E.* Investisionnie resursi-problemi akkumuliyasi // *economist.*-№7.-2000-78
2. *Krutik A.B. Nicol'skaya E.G.* Investisii I economisheskii rost predprinimatelstva.Usheb.posobia.-SP6
3. *Martinov A.* Aktivizasia investisionni politici // *Economist.*-№9 – 2008-S.44-50
4. *Kodov L.G.* Osnovi gosudarstvennoi economisheskoi politici.-M. BEK 2004.
5. Energy Return on Investment (EROI) for Forty Global Oilfields Using a Detailed Engineering-Based Model of Oil Production, PLOS ONE, випуск 12. nomer stati 0144141/ DEC 22.2015
6. *Shoptibaeva G., Dosmuhamedov H.* Investisiyalik tartimdilikti aleumettik salaga jumuldiru.// *Sayasat-Policy 2004j-75 bet*
7. Kazakhstan Respublikasi Industria jane sauda ministrliginin malimetteri 2014j
8. *Komarov B.* Priyamie inostrannie investisii I transnacionalnie korporasii// *economist, №7, 2009,* – 89-95.

Алимбаева А.А. - магистр оқытушы, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: ernur_80a@mail.ru.

УДК 316.72

Г.Б.ДАЙРАБАЕВА, А.Ж.МАЛДЫБЕК

**ФОРМИРОВАНИЕ ТОЛЕРАНТНОЙ МОЛОДЕЖИ КАК ОДНО
ИЗ ВАЖНЫХ УСЛОВИЙ ИНТЕГРАЦИОННОГО
ПРОЦЕССА**

В статье рассматриваются актуальность данного вопроса, факторы формирования толерантности в Казахстане, некоторые пути воспитания культуры толерантности молодежи. Во все времена к этой проблеме относились с большим интересом, интерес к этому вопросу сегодня продиктован сложными политическими процессами, как в нашей республике, так и в мире в целом. Воспитание культуры толерантности длительный и сложный процесс, который проходит несколько этапов: семья, школа, университет и т.д. Стержнем в воспитании толерантного сознания у молодежи должны быть духовные ценности. Большинство высших учебных заведений Казахстана за основу в формировании толерантности у студентов взяли программу, принятую на онлайн-семинаре, проведенную с участием Президента РК Н.А.Назарбаева.

Ключевые слова: толерантность, интолерантность, терпимость, национальное воспитание, культура, личность, современность, интеграция.

Г.Б. Дайрабаева, А.Ж.Малдыбек

**Интеграциялық үдерістің шарты ретінде жас ұрпақтың
толеранттылық мәдениетін тәрбиелеу жолдары**

Мақалада Қазақстанда толеранттылықтың қалыптасу факторлары, жастардың толеранттылық мәдениетінің кейбір жолдары және мәселенің өзектілігі қарастырылады. Бұл мәселе қай уақытта болмасын үлкен қызығушылыққа ие, мәселенің өзектілігі әлемдегі және еліміздегі күрделі саяси үдерістерден туындап отыр. Толеранттылық мәдениетті тәрбиелеу бірнеше кезеңнен тұратын (отбасы, мектеп, университет) ұзақ және күрделі үдеріс. Жастар арасында толерантты сана тәрбиесінің негізі рухани құндылықтар. Қазақстан жоғары оқу орындарының көпшілігі студенттерде толеранттылықты қалыптастыруда Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың

қатысуымен өткен онлайн-семинарда қабылдаған бағдарламасын алды.

Тірек сөздері: толеранттылық, төзімділік, ұлттық тәрбие, мәдениет, тұлға, қазіргі заман, интеграция.

G.D.Dayrabayeva., A.J.Maldibek

Formation of Tolerance of Tolerance of Young People as an Important Condition for the Integration Process

This article discusses the relevance of this issue, the factors of formation of tolerance in Kazakhstan, some way of upbringing of youth culture of tolerance. At all times, this problem is treated with great interest, the interest in this issue today is dictated by complex political processes in our country and the world at large. Education of culture of tolerance long and complex process that goes through several stages: family, school, university, etc. The core in the upbringing of tolerant consciousness among young people should be spiritual values. Most of the higher educational institutions of Kazakhstan as a basis for the formation of tolerance at students took the program adopted by the online seminar, held with the participation of the Republic of Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev.

Keywords: tolerance, intolerance, tolerance, national education, culture, the identity of a modern, modernity, integration.

Anahtar Kelimeler: hoşgörü, hoşgörüsüzlük, hoşgörü, milli eğitim, kültür, kimlik, modernlik, bütünleşme.

Президент РК Н.А.Назарбаев в своей работе «Признание независимости» обозначил содержание фундаментальных основ философии независимости. Это - всеобщий труд, мудрость, единство и толерантность народов, история и культура, уникальность государственного языка при полном уважении, почитании всех казахстанских этносов. Эти основы нужно знать каждому гражданину Республики Казахстан, начиная со школьной скамьи [1].

Тесная взаимосвязь феноменов равенства, соответствия, свободы с понятием толерантности рассматривалась в трудах зарубежных ученых, проводивших исследования в 70-х годах прошлого столетия, которые призывали держать эту проблему под пристальным вниманием. Несмотря на это, в первое время, внимание уделялось только религиозным аспектам данной проблемы. Лишь в последнее

время начали всесторонне рассматривать ее политические, гендерные, этнические аспекты. Корни понятия «толерантность» лежат очень глубоко. Мыслители античности признавали особую значимость данного термина. Сократ, Платон связывали выносливость с интеллектуальным аскетизмом, рассматривая как предпосылку духовного и социального единения людей, Аристотель же эту категорию понимал как возможность равного сосуществования разнообразных веществ. Если для средневековой философии характерно было рассматривать толерантность как неприятие религиозного фанатизма и пути преодоления инакомыслия, то мыслители Европы С.Кастелион, П.Бейль, Дж.Локк и др. отмечали, что интерес к данному вопросу повышается в период религиозных войн. Итак, впервые категория «толерантность» появилась в 1361 г. в словаре Ларусс. Английская этимология понятия «толерантность» в Оксфордском словаре появилась в XV веке, а как категория стала использоваться в XVI веке. Если в XV в. это понятие использовалась в таких значениях как «выносливость», «способность терпеть боли», то в XVI в. как «благодарность», «сдержанность», «спокойствие». Развитие общественного сознания, придавая глобальную сущность понятию толерантность, способствовала расширению и пересмотру данной категории. В педагогике, философии, культурологии и, политологии много разных умозаключений о толерантности, воспитании терпимости друг к другу. Французский писатель и философ XVIII в. Вольтер говорил: «Ваше мнение мне чуждо, но я готов пожертвовать своей жизнью ради доказательства ее истинности». Эта мысль является главным принципом толерантности. Французский философ Клод Андриан Гельвеций говоря о межрелигиозных конфликтах, которые нельзя оправдать никакой сознательностью, подчеркивал, что человеческие убеждения не поддаются никаким приказам, никакому насилию [2].

Вместе с тем, проблема толерантности в XX в. рассматривалась многими учеными: Химельхоч [Himelhoch, 1950], Терензини, А. Cabrera, Колбек, К., Бьорклунд С., Parente, [Terenzini и т.д., 2001], Хендерсон-Кинг Д., Kaleta, [Henderson-King, 2000], Браун W. [Brown, 2006], Хогг М.[Hogg, 2001]. В этих трудах исследовалась проблема толерантности как в студенческих группах, так и среди молодежи в целом [3].

В казахском мировоззрении с древности имеется очень много мыслей, идей, связанных с толерантностью. С течением времени, какие

бы изменения смыслового содержания оно не претерпевало, основные его принципы сохранились. Изменения коснулись лишь понятийно-категориального аппарата, а это, в свою очередь, говорит о серьезном национально-государственном подходе к данному вопросу. Быстрое принятие нами сегодня принципов толерантности на сегодняшний день связано с историческими истоками национального сознания. В казахстанском обществе толерантность, доставшаяся из прошлого наследия, впитала в сознание людей нравственность и добродетель..

Доктор исторических наук, профессор Х. Абжанов писал: «Я думаю что понятию толерантность соответствует казахское понятие терпеливость. Казахи говорят: «Терпеливость - золото» [4]. Терпеливость, сдержанность народа стали государственными составляющими национальной толерантности. Можно сказать, что функции которые они выполняют разные. И если толерантность народа выйдет из-под контроля это приведет к хаосу, анархии. И наоборот, если государственные составляющие национальной толерантности не нарушат границы дозволенного, то тогда они будут считаться объединяющими факторами всех наций, этносов, проживающих в Казахстане. Доктор политических наук, профессор С. Борбасов говорил: «Национальная толерантность является общим важным фактором, объединяющим общество в нашем историко-культурном пространстве. Это существенный фактор, регулирующий межнациональные отношения, политическую напряженность» [5].

Толерантность от лат. *tolerantia* – сдержанность, проявление терпения к чужому мнению, поведению, традициям, принятие неблагоприятных ситуаций. В общем, основа толерантности - оценка своего отношения к «другому, иному». Быть терпеливым означает безграничное проявление сдержанности к поведению и деятельности другого человека. Это встречающаяся в повседневной жизни, проблема, охватывающая промежуток от бытового уровня до профессиональных отношений. Анализ, изучение данного вопроса сопровождается существенными противоречиями среди ученых.

Толерантность является термином, признающим различные взгляды и суждения, отношения, поведения и деятельность. Толерантная личность как правило играет активную роль в обществе, считаясь с чужим мнением, он тем не менее претендует на лидерство. По мнению Стивена А.Уэлдона «толерантность...является одним из основных принципов либерально-демократических убеждений. От толерантных граждан требуют обеспечить правами группы и

полноценного участия в политической, социальной, экономической жизни» [3].

На всех этапах человеческой истории были отношения, противоречащие толерантности - интолерантность. Интолерантный, нетерпеливый человек, причину неудач ищет не в себе, а в других. Такие люди в жизни встречаются часто и они создают предпосылки для множества проблем. Следствием этих предпосылок являются различные войны, религиозные фанатизмы и политические конфликты, разводы, суициды среди подростков и т.д. [6].

Формирование социальных отношений, в первую очередь, характеризуется анализом развития всесторонне развитой личности и условий, влияющих друг на друга. В настоящее время вопросы воспитания морали, нравственности, гуманности являются существенным фактором формирования духовности граждан, молодежи. Текущий период характеризуется новыми тенденциями развития и изменениями вектора ценностей [7].

Критерием уровня культуры человека и общества, гармоничного сосуществования с самим собой и другими считается на сегодняшний день степень толерантности народа. Свободное развитие общества и принятие принципов, ценностей, необходимых в борьбе за существование сегодня, напрямую связаны с вопросами толерантного воспитания. Процесс воспитания данного качества длительный и сложный. Семья – источник формирования молодого поколения как личности. С одной стороны, семья для ребенка – жизненное пространство, с другой – воспитательная среда. Правильное формирование взаимоотношений в семье волнуют как родителей, так и учителей. Современные ученые считают, что отношения между супругами, между старшими и младшими детьми, между родителями и детьми в семье предусматривают доверие и сотрудничество. И здесь не обойдется без помощи классного руководителя и психолога. Без диагностики уровня толерантности личности не возможно планировать процесс его воспитания, поэтому специалисты-психологи используя различные методы должны обратить внимание на фундаментальные принципы толерантности, формирующие уровень толерантной личности. В основе воспитания толерантного сознания у школьников лежит принцип духовности и гуманности. Вышеуказанные типы воспитания должны применяться в комплексе. Без формирования в ребенке основ гуманности, невозможно говорить и о развитии в нем терпимости, выносливости, выдержанности [8]. Для достижения мирового

уровня в отечественной системе образования среди многочисленных шагов и методов, направленных на глубокие знания, с творческим подходом к делу, придается особое значение воспитанию креативной, толерантной личности. В этих целях очень важно использовать всевозможные научно-образовательные, культурные центры и различные открытые площадки. Мы считаем, что очень эффективно на открытых площадках, используя передовые технологии в педагогических целях проводить для молодежи тренинг-семинары, лекции и т.д. Участие в них известных специалистов безусловно повышает заинтересованность и уровень обратной связи с аудиторией. Сейчас, когда в мире усиливаются социальные, религиозные, национальные конфликты поиск нестандартных путей решения данной проблемы со стороны ученых вполне обоснованы. В целом, для формирования толерантного сознания, личность должна пройти определенные ступени духовного развития, а это в свою очередь, серьезная педагогическая проблема [9].

По данной актуальной проблеме 15 мая 2015 года совместно с Президентом Республики Казахстан Н.А.Назарбаевым в Библиотеке лидера страны впервые был организован тренинг-семинар «Уроки толерантности». На тренинг-семинаре обсуждались вопросы научно-методического обеспечения и совершенствования воспитательной работы по формированию толерантности, патриотизма у молодежи. Также поднимались вопросы о важности внедрения современных технологий, о необходимости разработок учебных, методических изданий для различных образовательных учреждений, направленных на воспитание толерантной молодежи.

По итогам онлайн-конференции предложено несколько направлений:

1. Министерство образования и науки совместно с учебными заведениями и Ассамблеей народов Казахстана в целях пропаганды среди молодежи национального, культурного, духовного наследия, знакомства с историческими достопримечательностями, рассмотреть вопрос об организации туристического марша «Караван культуры»;

2. В тесном сотрудничестве с Министерством образования и науки, с помощью региональной малой ассамблеи, представители учебных заведений могли бы проводить встречи и разного уровня мероприятия с молодежью в территориальных музеях и выставочных залах;

3. Региональная малая ассамблея может выступить инициатором в организации группы, состоящей из представителей различных национальностей, которые бы знакомили со своей историей, традициями, культурой и т.д. [10].

В новом веке толерантность – это одна из движущих сил в обществе, уникальное условие гармоничных отношений. Поэтому, исходя из этих принципов, все возможные средства и методы, основанные на педагогических закономерностях, необходимо включить в процесс формирования толерантного сознания. Только неординарные идеи, воплощенные в реальность, могут привести к плодотворным результатам. В данном процессе у вузовских студентов очень важно учитывать их национально-культурные ценности. Воспитание толерантности подразумевает формирование терпимости к другому образу жизни, взглядам, ценностям. Одним из первых принял активное участие в организации мероприятий в этом направлении коллектив Национального университета им. Абая, который разработал программу новой дисциплины «Основы толерантности» и работает над учебным пособием [11].

Инициатива Президента нашей страны находит достойный отклик и в трудах ученых университета им. Х.А.Ясави. Пока эта проблема находит свое отражение только в научных публикациях, в будущем для систематизации работы в этом направлении планируется при поддержке руководства университета, разработать программу и методические указания по развитию толерантного сознания у молодежи.

Если казахи, как государственная составляющая народов нашей республики ответственны за межэтническое единство и согласие, то и другие этносы так же должны чувствовать свою ответственность перед государством. Потому что, будь то в повседневном межличностном общении, будь на государственном, на международном уровне роль и значение принципа толерантности, основанного на взаимопонимании и взаимоуступчивости, сохранении спокойствия особенно. Этот принцип гарантирует соблюдение демократических прав, предотвращает обиды, ведет людей к любви, избавляет от чувства дискриминации, унижения, насилия. Итак, надо всегда помнить, что толерантность является решающим ключом гуманистических принципов, того, чтобы народ никогда не вступал в противоречия с законопорядком, национальным наследием.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Назарбаев Н.А.* Слово о независимости. <http://khabar.kz/kz/news/saysat/item>.
2. *Айталы А.* Толеранттылық және демократия //Егемен қазақстан №90-93, 2010 ж.
3. *Baklashova T.A., Galishnikova E.M, Khafizova L.V.* The Effects of Education on Tolerance: Research of Students' Social and Ethnic Attitudes// Mediterranean Journal of Social Sciences MCSER Publishing, Rome-Italy Vol 6 No 1 S3 February 2015.
4. *Әбжанов Х.Н.* Ұлттық идея: қазақ елі, азаттық, бірлік //Егемен Қазақстан, № 98.- 2015.
5. *Борбасов С.А.* Қазақ ұлтшылдығының мақсаты: ұлттық эгоизмге жол бермей, ұлт қалыптастыру //Ақиқат, №5. - 2014. -. - 14-19 бб.
6. *Сағалиева Ж.К.* Жастарды толеранттылық құндылық негізде тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9 : жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт » атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция материалдары. – 2013.- Т.1 – 5-7 бб.
7. *Bulshekbayeva A.I., Kassenova S.A., Ayapbergenova A.Zh., Ubniyazova Sh.A., Muldabekova K.T.* Tolerance in the System of Formation of World-View Culture and Spiritual and Moral Development// Middle-East Journal of Scientific Research 17 (6): 802-804, 2013 ж.
8. *Кенжалин Ж.* Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, «Өлке» баспасы.- 2005,-160 б.
9. *Шаяхметова М.* Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. №-3.-Алматы, 2009,-88 б.
10. Концепция государственной молодежной политики РК до 2020 года «Казахстан 2020: Путь в будущее», № исх: 4-06-3/47-ПП от: 11.01.2013 /<http://taran.gov.kz/ru/node/7152>.
11. *Әбдікәрімов М.О., Сайлаубай Е.Е.* Толеранттылық тағылымы / <http://presidentlibrary.kz/?p=3320>.

REFERENCES

1. *Nazarbaev N.A.* Slovo o nezavisimosti. <http://khabar.kz/kz/news/saysat/item>
2. *Aytalyi A.* Toleranttyilyik jane demokratiya //Egemen Kazakstan №90-93, 2010 j.

3. *Baklashova T.A., Galishnikova E.M, Khafizova L.V.* The Effects of Education on Tolerance: Research of Students' Social and Ethnic Attitudes// Mediterranean Journal of Social Sciences MCSER Publishing, Rome-Italy Vol 6 No 1 S3 February 2015.

4. *Abjanov H.N.* Ulttyik ideya: kazak eli, azattyik, birlik //Egemen Kazakstan № 98, 2015.

5. *Borbasov S.A.* Kazak ultshyildyigynyin maksaty: ulttyik egoizmge jol bermey, ult kalyiptastyru //Akikat. - 2014. - №5. - 14-19 bb.

6. *Sagaliyeva J.K.* Jastardy toleranttyilyk kundyilik negizde tarbieleu. Kazakstan Respublikasyynyin Birinshi Prezidenti kunine arналган «Seyfullin okulary – 9 : jogargy bilim jane gylyim damuyindagy jana bagyit »atty Respublikalyk gylyimi – teoriyalyk konferentsiya materialdaryi. – 2013.- Т.1 – 5-7bb.

7. *Bulshekbayeva A. I., Kassenova S. A., Ayapbergenova A.Zh., Ubniyazova Sh. A., Muldabekova K. T.* Tolerance in the System of Formation of World-View Culture and Spiritual and Moral Development// Middle-East Journal of Scientific Research 17 (6): 802-804, 2013 j.

8. *Kenjalın J.* Ult ruhyin ulyiktagan urpakpyiz. – «Olke» baspasyi, 2005,-160 b.

9. *SHayahmetova M.* Jogary bilim beru juyesinde bolashak pedagog mamannyin etnikalyk toleranttyilygynyin kalyiptastyrudynyin modeli // Ult tagyilyimy. -Almaty, 2009,-88 b.

10. Kontseptsiya gosudarstvennoy molodejnoj politiki RK do 2020 goda «Kazahstan 2020: Put v budushee», №ish: 4-06-3/47-PP ot: 11.01.2013 /http://taran.gov.kz/ru/node/7152.

11. *Abdikarimov M.O., Saylaubay E.E.* Toleranttyilyk tagyilyimy / http://presidentlibrary.kz/?p=3320

Дайрабаева Г.Б. - кандидат философских наук, доцент, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан, e-mail: gulanda18@mail.ru

Малдыбек А.Ж. - кандидат философских наук, доцент, университет Ахмет Ясави, г. Туркестан, e-mail: [akmaral. Maldibek@mail.ru](mailto:akmaral.Maldibek@mail.ru).

ӘОЖ 821.512.122.0

М.ӘЛІПХАН

М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЖӘУАНМӘРТЛІК ЖАЙЛЫ

Абай өмірі мен мұрасы ХХ ғасыр басынан бері зерттеліп келеді. Бүгінде Абайтану жеке ғылым саласына айналды. Сөйтсе де ақын дүниетанымы толыққанды танылып бітпеді. Абай әлеміндегі сондай сыры ашыла қоймаған мәселенің бірі – жәуанмәртлік жайы. Мақалада ғылыми айналымға М.Мырзахметұлының ізденісі арқылы енген осы жәуанмәртлік жайы сөз болады.

Тірек сөздері: М.Әуезовтің Абай дініне қатысты екі тезисі, адамгершілік, ізгілік негізі, жәуанмәртлік, түркілік ілім, жетілу.

М.Алипхан

**М.Мырзахметов о жәуанмәртлік ілімі
(учение о добродетели)**

Изучение жизни и творческой деятельности Абая ведется с начала ХХ века. В настоящее время Абаеведение стало отдельной отраслью науки. Достаточно широко исследованы тематико-идейное содержание, жанровые и художественные особенности его творчества. Тем не менее, мировоззрение поэта подлежит более глубокому изучению. Одной из проблем в творчестве Абая, на которое необходимо обратить внимание – это жәуанмәртлік ілімі (учение о добродетели). В статье рассматривается нравственное явление жәуанмәртлік ілімі (учение о добродетели), получившее свое развитие в тюркском мире. Данное явление впервые сформулировал и ввел в научный оборот профессор М.Мырзахметов, которое рассматривается в статье.

Ключевые слова: два тезиса М.Ауезова, религия Абая, гуманизм, основы добродетельности, жәуанмәртлік (учение о добродетели), тюркское учение, совершенство.

M.Alipkhan

M.Myrzakhmetov about doctrine of virtue

The study Abai's life and career underway since the beginning of the twentieth century. Currently Abay studies became a separate branch of the

science. Sufficiently the ideological and thematic content, genre and artistic features of Abai were researched extensively. Nevertheless, the poet's outlook is a subject to a deeper study. One of the problems in the works of Abai, to which attention should be paid is about doctrine of virtue

The article deals with the moral phenomenon of doctrine of virtue, have been developed in the Turkic world. This phenomenon was first formulated and introduced into scientific circulation by professor M. Myrzahmetov, which is considered in the article.

Keywords: two thesis' by M. Auezov, Abai's religion, humanism, the foundation of virtue, about doctrine of virtue, Turkic doctrine, perfection.

Anahtar Kelimeleri: M. Auezovın Abay diniyle ilgili iki tezi, insanlık, iyilik temeli, jauanmertlik (öğüt Birri), Türk ilimi, gelişim.

Белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлының зерттеулік ой-пікірлерін, әсіресе оның Абай Шығысына қатысты түйген тұжырымдарын айрықша көңіл қойып түсінуге тырыспақ керек. Ғалым түйген ойларды ғылым жасауда белгілі бір орны бар шабыттан гөрі ыждағатты ізденіс пен терең толғаныстың нәтижесі дер едік. Осы күнде байқап жүрміз, ғалым ойлары қалың көпшілік түгілі, ой жолында ізденіс жасап жүрген зерделі жандардың да өзіндік танымына айнала алмай жүр. Өз басым ғалым М. Мырзахметұлының іргелі еңбегі «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемаларын» [1] бірнеше рет оқып шықтым, автордың ғылымды соншалық пір тұтып, осы жолда айрықша еңбектенгенін байқадым. Еңбектің мазмұны мен мәні кітаптың бар көлемін кернеп, оған сыймай жарып жіберердей болып тұрғанын да сезіндім. Ең бастысы, кітап мазмұнын, әсіресе оның Абай Шығысына қатысты тарауын көңіл қалағандай қалыпта меңгере алмағанымды мойындадым. Ғалым ойын түгел танымақ болған әрекетімнің асығыстық әрі астамшылық екенін де түсіндім. Себебі ғалымның талай жылғы машақатты ізденісі мен ой бейнетін бастан кешірмей, бүгінгі нәтижеге жету жолындағы оның ғылыми кітапханасымен ең болмағанда шет жағалап таныспай тұрып, кітаптағы мәнді де межелі мәселені меңгере қою оңай болмайды. Тіпті ғалымның ізденіс пен ой соңында жүріп тапқан, түйген бүгінгі «дайын» тұжырымдарын иелене салу да жеңілдеу көрінгенімен, ғалым ойын танып меңгеруде оқырманы бәрібір елеулі қиындыққа тап бола береді. Өйткені ғалым өзінің ауқымды да төркін-тегі соншалық терең ой-танымдарын мейлінше сығып, ықшамдап, түйіндеп берген. Ең бастысы,

М.Мырзахметұлы рухани ұстазы М.Әуезов секілді тақырыпқа қатысты мәнді де өзекті мәселені түгел қамтып толық айтуға тырысқан. М.Әуезовтің Абай жайлы монографиясы бәрімізге де ақын туралы өзімізше пікір айтып, ой өрбітуде ақылшы, бағдаршы болатыны секілді М.Мырзахметұлының да Абай Шығысына қатысты түйген өрелі ойлары осы бағыттағы талай ізденісімізге азық әрі бастау болары талассыз.

А.Байтұрсынов жазғандай, Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Екіншіден, Кәкітай бастап, М.Әуезов бекіткен, кейіннен М.Мырзахметұлы ізерлей зерттеп дамытқан Абайдың өмірі мен өнеріне өзек еткен адамгершілік ілімі - тамыры тым тереңде жатқан төркінді таным. Үшіншіден, тамырлы да төркінді танымды арғы-бергі тарихынан тартып, барша мән-маңызын қамти баяндайтын зерделі еңбекті біршама дайындығы бар «дағдыланған адамдар болмаса», жалпы көпшіліктің тез-ақ танып кетуі қиын. М.Мырзахметұлының жоғарыда аталған кітабының «Абай мұрасының Шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеуінде» деп аталатын тарауы ішіндегі Абайдың ақындық кітапханасы мен оның шығыс ақындарымен байланысы баяндалатын тараушаларынан бөлек ақынның исламият пен мораль философиясына қатысын қарастыратын кейінгі екі тараушада жан сыры, хауас, үш сүю, жәуанмәртлік, «адам болу» шарттары мен толық адам, жүрек культіне қатысты көптеген күрделі ұғымдар сыры ашылады. Бұл ұғымдардың әрқайсысы «атан түйе тарта алмас» ауыр да терең мазмұнға ие. Бәрінің де бастауы Абай сөзіне барып тіреледі. Ал, Абай сөзінің «не мағынада айтылғанын терең баяндап ұқтырғанда ғана біледі» деп А.Байтұрсынов жазғандай, бұл міндетті М.Әуезов өз кезінде өмірі мен өресі жеткенше орындап бақты. Абайтанудағы М.Әуезов жасаған еңбектің ұшаң-теңіз екенін бәріміз де білеміз, мойындаймыз. Абай нәр алған шығыстық қайнардың қадір-қасиетін М.Әуезов алғашында (1934) шынайы да терең танып келіп, кейінгі идеологиялық қыспақтың кесірінен кері шегінуге мәжбүр болған. М.Әуезовтің Абайтануға қатысты жарияланған, жарияланбаған еңбектерін түгел қамтып қарастыру, саралау барысында М.Мырзахметұлының да Абай Шығысына қатысты мәселені танытуда ой байытар мол нәтижеге жеткенін білуге тиіспіз. Ендігі кезекте кейінгі ізденушілер Абай Шығысына қатысты ой айтар тұста М.Мырзахметұлының еңбегіне сүйенбей, ғалым ойларынан нәр алып, бағыт таппай тұра алмайды. Абайдың Шығысқа қатысты танымының мықты жүйесі М.Мырзахметұлы еңбегінде жасалғанын ескеруіміз

керек. Әрі бұл еңбектің отыз жылдан аса уақыт бұрын 1982 жылы жарияланғаны да ғалым жасаған ғылыми нәтиженің салмағын еселей түседі. Күндердің күнінде талапты да талантты ізденуші шығып Абай шығысының зерттелу тарихын зор ыждахаттылықпен саралар болса, М.Мырзахметұлының бұл саладағы жанкешті еңбегі тағы да айқындалып, бағасы биіктей бермек.

М.Мырзахметұлы зерттеуіндегі Абай шығысына қатысты күрделі ұғымның бірі – жәуанмәртлік жайы. Ғалым осы ұғым жайындағы ой, тұжырымын әр кезгі қалпымен М.Әуезовтің Абай туралы монографиясы мазмұнынан туындатып, содан соң өз тарапынан ой қосып тарата танытады. М.Әуезов өз зерттеуінде Абай шығармаларындағы діни наным мен адамгершілік ұғымының қатар келіп отыруына ерекше назар аударса, М.Мырзахметұлы өз кезегінде М.Әуезовтің осы бір әрекетін дәл байқап, жәуанмәртлікке байланысты ой өрбітуін осы тұстан тарқатып таныта бастайды. М.Әуезовтің Абай дініне қатысты түйіндеген атақты екі тезисіне М.Мырзахметұлына дейінгі ғалымдар мән бере назар аударып жатпаған, Абай дүниетанымына қатысты көп мәселенің дәл осы екі тезис арқылы ашыларын болжамаған. М.Әуезовтің өзі де жәуанмәртлік туралы оның атын атап, түсін түстеп, ол жөнінде арнайы мәселе көтермейді, сөйтсе де жәуанмәртлікті құрайтын үш қасиетті «...үнемі адамдық жақсы сипаттар жағын айрықша екшеп терумен болады. Ендеше, бұл сөздің де түп мазмұн-мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу» [2.225] деуі арқылы жанама түрде танытып кететіні бар. Бұдан әрі М.Әуезов 38-сөз туралы ойын түйіндей келе: «Осындай дінмен байланысты діншіл ойларды айтып келіп, Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді... анық айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына келіп қосылады» [2.226] деп жазады. Ал, М.Мырзахметұлы ұстаз ғалымның осы ойлары негізінде өз тарапынан тың тұжырым жасайды. М.Әуезов 38-сөзді талдау барысында Абай дініне байланысты түйінді тезисін нақтылай атап ауызға алмаса да, М.Мырзахметұлы 38-сөзді талдау барысындағы М.Әуезовтің жоғарыдағы ойларын негізге ала отырып, өзі ғылыми айналымға енгізген жәуанмәртлік ұғымын М.Әуезовтің «Абай діні – адамгершіліктің діні» атты екінші тезисінің ауқымында қарастырады. Бұл - М.Мырзахметұлының М.Әуезов ойлары негізінде әрі Абай ойларының иіріміне бойлау барысында өзі тапқан тың тұжырымы. Әйтпесе М.Әуезов Абай дінінің – сыншыл ақылдың емес, таза

адамгершілік діні екені жайлы тезисін ақынның ұлы Әбдрахманның науқасы мен қазасына байланысты өлеңдерін талдау барысында түйіндейді. Ал «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңін талдау тұсында ақын дінін әрі ақылдың, әрі адамгершіліктің діні деп айқындайтыны бар. Сірә мұны М.Әуезов Абайдың мұсылмандық иманын ақылмен ойлап өз тарапынан ізгілендіре түскенін, әсіресе адамгершілік жолы ретінде ұсынған үш сүюін (имани гүл) ескере отырып айтса керек. Бұл өлеңінде Абай «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңдеріндегідей діни қағидаға тым еркін кетіп сынай қарамайды. Тек «руза, намаз, зекет, хаж – талассыз» дей отырып, иман шартын нақтылап, ізгілендіре түскен. Оның үстіне Абай ұсынған «Алланы, бәрін де бауырым деп адамзатты және хақ жолы осы деп әділетті сүюге» мұсылмандық иманның алты шарты табиғи түрде түгел сиып тұр емес пе. М.Әуезовтің Абай дініне қатысты нәзік жайларға соншалық байқампаздықпен қарағанына қайран қалмасқа болмайды. Ғалым М.Мырзахметұлы да рухани ұстазының ізімен ол айтқан ойды жүйелі жалғастырады, яғни 38-сөздің мазмұнынан туатын үш сипатты әуелі Абайша жәуанмәртлік деп атап, оны М.Әуезовтің «Абай діні – адамгершіліктің діні» тезисінің ауқымында таниды, әрі этикалық, адамгершілік категориясы ретінде арнайы қарастырады: «М.Әуезовтің «ерекше екшеп терумен болды» деп жеке дара бөле көрсетіп отырғандары негізінен Абай айрықша назар аударған үш сипатқа (ғақыл, ғаделет, рақым), яғни Абайда жәуанмәртлік деп сілтеме жасап, артынан мол түрде тарататын гуманистік ұғымға көп мән бере қараған» [1.213]. М.Мырзахметұлы ғылыми айналымға енгізген жәуанмәртлік - ғалым сөзімен айтар болсақ, «...мағынасы алыс беймәлім, төркінін іздесең, сан қилы көне рухани соқпақтарға бастайтын көптеген күрделі ұғымдар» [1.213] қатарына жатады. Ғалым жәуанмәртлік сөзінің мағынасы Л.З.Будаговтың сөздігінде (1868) көрсетілгендей, парсы тіліндегі «жомарт, мырза, шапағатты жас жігіт» дегеннен гөрі XIII ғасыр ескерткіші «Мұхаддимат ал-Адаб» сөздігінде берілген «јаванмардлық» түріндегі «қайырымдылық, ізгілік» ұғымына жақын дегенді жазады [1.213]. Бұдан әрі ғалым өзінің ақиқатқа лайық қисынды ойларын ұсынады. Шынында да М.Мырзахметұлы жазғандай, мұсылман зиялылары грек ғылымы, философиясымен тікелей таныса бастаған заманда гректердегі адамгершіліктің тікелей баламасы ретінде қолданылған қайырымдылықты түркілердің осы ұғымды беретін өз тіліндегі жәуанмәртлікпен атауы әбден мүмкін. Аристотельдің «Этикасында», әл-Фарабидің трактаттарында

адамгершілік – қайырымдылық түрінде танылып, оның өзі ақыл деңгейіндегі зейінділік, естілік, білімділік, ақылдылық, даналық қасиеттері мен жан деңгейіндегі әділет, рақым, мейірім, ар, ұят, ынсап қасиеттері түрінде екі топқа жіктелетіні, алғашқыларының интеллектуалдық қайырымдылықтар, екіншілерінің этикалық қайырымдылықтар деп аталатыны жазылған. Қайырымдылықтар осы екі топ ауқымында біршама мол жинақталып, сондықтан да сол көп қайырымдылық ішінен айрықша үшеуін ғана ерекше бөліп алып, Аристотельдің ол үштікті «калогагатия» деп атайтыны бар. Абайдағы жәуанмәртлікті құрайтын үш қасиет те – он сипат ішінен екшеліп алынған ерекше өзекті қайырымдылықтар. Аристотель адам ақылы айналысар ең өзекті мәселе ретінде мәнді атайды. Ұлы ұғым ақиқаттың өзі – осы мәнді тану болып табылады. Аристотельше ұғынар болсақ, адам - қоғамдық жануар. Абай да толық адамды құрайтын үш қасиет ретінде ақыл, жүрек, қайратты атағанымен, осы үшеуінен тұратын адамзат баласының қайткен күнде және қалайша адам бола түсетінін ойлап, толғанумен болады. Осы орайда «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінің айтары мол:

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер...
Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса? [3.227].

Өлеңде айтылғандай, сүлдерін сүйретіп тәнімен ғана жанды болып тірі жүру әлі де адам болу емес екен. Яғни қайрат, тән, дене адам болып тірі жүру үшін қажет нәрсе болғанымен, солармен ғана адам болып жетілу жеткілісіз. Біздің ойымызша, жәуанмәртлік адам болудың биігіне ұмтылып өрлеу жолындағы толық адам мен үш сүю арасындағы өткел секілді. Толық адам - ақыл, жүрек, қайрат үшеуінің бірлігі арқылы пайда болса, жәуанмәртлік ақыл мен жүректің бірлігінен туады, яғни ақыл мен жүректен шығатын ақыл, әділет, рақым қасиеттері арқылы қалыптасады. Ал имани гүл – үш сүю - адам болудың шыңы, ақыл мен қайратты құрал етіп, жүрек жолымен жүру, яғни жүректен шығар махаббатпен Алланы, адамзатты және әділетті сүю. Толық адам – ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстап, қайратынан ақылын үстем етіп, ал ақылын жүрегіндегі әділет, рақым, махаббатына бағындырған адам. Сөйтіп Абайша, адамзатты толық адам дәрежесіне жеткізетін - жәуанмәртлік пен үш сүю. Үш сүюді адамгершілік шыңы

десек те, жәуанмәртліктің қадір-қасиеті үш сүюден титтей де кем емес. Себебі жәуанмәртлікті құрайтын ақыл, әділет, рақым қасиеттерін діліне дарытқан адам имани гүлдегі Алла, адамзат, әділетті сүймей тұра алмайды.

Жәуанмәртлікті М.Мырзахметұлы монғол сөздігі мен М.Ш.Шералиевтің дәлелдеуі негізінде әуелі қайырымдылық, сонан соң оны түркі тектес сөз бен ұғым деп біледі. Әрі жәуанмәртліктің қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті және қарапайым ой санада қайырымдылық, ізгілік ұғымдарымен сабақтас келуін де ғалым өз тұжырымына дәлел етеді. Ең бастысы, жәуанмәртліктің қайырымдылық, ізгілік ұғымдарымен сәйкес келуі. Осы орайда жәуанмәртлікті адамгершілік ілімімен байланысты қарау қисынға келеді. Қайырымдылық ұғымы өзін емес, өзгені ойлау ниет, әрекетімен айқындалады. Қайырымдылықты Абайша ұғар болсақ, «Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек... Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын» [4.110,113] қасиет. Адамзат осындай қасиеттерімен ғана шынайы әрі нағыз адам бола алады. Абайша Түп Ие аталатын бәрінің бастауы, әуелгі қайырымдылық иесі – Алланың екі ұлы қасиеті болса, соның бірі – жарату да, екіншісі – жарылқау, екеуі де өзгенің, пенделерінің, жаратқандарының қамын жеуден туған қайырымдылықтар.

Барша қайырымдылық атаулыны өз құрамында түгел қамтуға лайық, ал Абай қарасөзінде үш асыл сипатты ғана танытатын жәуанмәртліктің адамгершілік астарын М.Мырзахметұлы былайша тұжырымдайды: «М.Әуезов жәуанмәртлік ұғымы қамтитын үш асыл сипаттарға сүйене отырып, Абай діни адамгершілік негізіне арқа тіреп, гуманистік астар алғанын көрсетеді» [1.215]. Ғалым М.Мырзахметұлы Абайдың 38-сөзін жазудағы түпкі мақсатын дәл байқаған, ол – жәуанмәртлік шеңберіндегі үш асыл сипатты айқындау әрі оларды насихаттау. Ал осы жолда ақынның діни мазмұнмен қарпысуын М.Әуезов ізімен ғалым М.Мырзахметұлы да жазғандай, шартты түрдегі әрекет деп білу керек.

Жәуанмәртліктің өз атымен аталып қолданылуы тек 38-сөзде ұшырасса да, ғалым жазғандай, адамгершілік негізі ретінде ұғынылатын жәуанмәртлік шеңберіндегі үш сипат жайлы пікірлер

ақын шығармаларының өн бойында біршама нақтылы қамтылып насихатталады. Бұл тұжырымның ақын мұратын танып-білуде көп көмегі бар. Шынында Абай өз өлеңдерінде ақыл, әділет, рақым қасиеттеріне айрықша мән беріп, оларды түрлі қырынан алып ықыластана жырлаған. Біздер көңілімізден шығып, ақылымызға қона кеткен қисынды да тапқыр тұжырымды тез-ақ қабылдап алсақ та, оның өз ойымыздан туған төл дүниеміз емесін де ұмытпағанымыз жөн. Мәселен жәуанмәртлік ұғымын тасадан тартып ғылыми айналымға енгізу, оның 38-сөзде ғана түйінделіп, тиянақталып берілгенімен бірге, ақынның өмірлік ұстамы болып өлеңдерінде де жүйелі жырланғанын тұжырымдап айту - М.Мырзахметұлының өзі ізденіп тапқан ғылыми жаңалығы.

Халықта «Құласаң нардан құла» деген ақылды, аталы сөз бар. Осы орайда абайтанудағы мықты маман, білгір ғалым, нарымыз - М.Әуезов екені күмәнсіз. Ойлап қарасақ, Абай өмірі мен мұрасына қатысты М.Әуезов айтпаған, қамтымаған, ең болмағанда басын бастап төбесін көрсетіп кетпеген мәселесі кемде-кем, жоққа жуық. Абай «мақсұт – алыс, өмір – шақ» дегеніндей, М.Әуезов көкірегіндегі неше түрлі қазыналы ойларын өресі жеткенімен, өмірі жетпей, тауысып айта алмаған болар, одан қалса кезең, заман идеологиясы мен саясаты көп кедергі, қиянат жасағанын да білеміз. Сөйтсе де тәубә дейміз, М.Әуезовтің Абайтануы М.Мырзахметұлы арқылы өз жалғасын тауып толыса түсуде. М.Әуезовтің 38-сөзді талдау барысындағы айтқан түйінді ойлары мынау: «Абай өзінің дінін түп наным жағынан да, моральдық қасиеттер турасынан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түспек болады» [2.224]. Қарасөз мазмұнымен біршама байыпты танысқан кісі М.Әуезовтің бұл бағасына мазмұнды, ауқымды, ақылды, дәлдігі себепті риза болады. М.Әуезовтің осы бір білгір тұжырымы 38-сөз мазмұнын талдап, тануда бағыт-бағдар етуге жап-жақсы жарап тұр. Оның көлемі біршама ауқымды «Абай Құнанбаев» атты монографиясында мұндай мәнді де маңызды, ақылды байламдар жиі ұшырайды. Тек о баста М.Әуезов түйіндеп, кейіннен М.Мырзахметұлы тарата танытып, ізерлей зерттеу жасаған екі тезисті еске алсақ та жеткілікті, олар: Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні және Абай діні – адамгершіліктің діні. М.Мырзахметұлы Абай дүниетанымына қатысты жан сыры, хауас, адам болу шарттары, жәуанмәртлік, үш сүю жайлы терең мәнді зерттеулерін осы екі тезисті таратып тану барысында жасаған. Біз солардың біреуі – жәуанмәртлік туралы ғана ой өрбіту жолындамыз.

М.Әуезов 38-сөз мазмұнына қатысты ой-тұжырымын былайша өрбітеді: «...бұл сөзде де Абай өзін мұсылман етіп көрсетеді. Ол ислам дінінің құдайына иланады. Енді соның көп сипаттарын өз оқушысына баяндап береді. Сол баяндауында үнемі адамдық жақсы сипаттар жағын айрықша екшеп терумен болады. Ендеше, бұл сөздің де түп мазмұн-мақсаты - адамды жақсы етіп шығаратын қасиет, сипаттарды жеткізе түсу. Моральдық философияның, педагогикалық мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші» [2.224-225]. М.Мырзахметұлы осы айтылған ойлар негізінде жәуанмәртлік ұғымын өз тарапынан тереңдете, дамыта зерттеп кетеді. Атауын 38-қарасөз мазмұнынан тауып, одан әрі тарата зерттейтін жәуанмәртлік туралы ой-толғаныстары – М.Мырзахметұлының 38-сөз мазмұнын танып-танытуда өзі қосқан үлесі болып табылады. Ғалымның өзекті жаңалығы – 38-сөзде бір-ақ рет аталатын жәуанмәртлік сөзіне арнайы назар аударып мән беруі, бұл ұғымның астарында айтулы мән-мазмұн, терең төркін барын болжай алуында. Бұдан әрі ғалым жәуанмәртлік ұғымының кездейсоқ дүние емес, дәстүрлі, төркінді таным екенін танытуға бет алады. Абай айтқан үш сипаттың сол күйінде ғалым келтірген ақын Мәһди ибн-Меркіш Майлықенти өлеңінде ұшырасуы елеулі жағдай. Жәуанмәртлікті құрайтын үш сипаттың қалыпты бірлігі, жалпы жәуанмәртлік жайы кездейсоқ құбылыс емес екенін біле түсеміз. Әйтсе де М.Мырзахметұлы ақын Мәһди ибн-Меркіш Майлықентидің өлеңінде жәуанмәртлік сөзі аталмайтынын, әрі ондағы үш сипаттың Абайдағыдай кәсіби емес, хақтың мүлкі ретінде берілетінін атап өтеді. Ғалым Абайды жақсы білетін Кәкітай Ысқақұлының сөзіне сүйеніп, жәуанмәртлік туралы мәлімет ақын оқыған арабша, парсыша, түрікше кітаптардың ішінен алынған болар деп болжайды. М.Мырзахметұлы Абай шығармаларынан жәуанмәртлік туралы мән-мазмұн тауып, ол жайлы ақын оқыды-ау деген кітаптар қатарында Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігі» мен «Қабуснамені» атайды. Ғалымның «Құтты білік» дастанына қатысты мына байламында зор білгірлік бар: «...ерсигті (жәуанмәртлікті) мадақтауы Қараханидтер тұсындағы халық санасынан терең орын алған этикалық танымның деректі көздерінен алынған сияқты» [1.219]. Шынында да көркем шығармада өмірде орын алған шындықтың бейнеленетіні белгілі. Қайырымдылықты дәріптеу мен жеке адам мен қоғам, мемлекеттің қадір-қасиет, абыройын арттыру жолындағы төркінді таным - жәуанмәртлікті Ж.Баласағұн өз дастанының өн бойында жүйелі түрде жырлаған. Адам ардақты да абзал, ал қоғам қуатты да

құтты болуы үшін дастанда жырланған әділет, ақыл, қанағат – үш қасиеттің мән-маңызы айрықша зор. Біздіңше, дастанда екі түрлі мақсат көзделген, біріншісі – жеке адамдарды адамгершілік жағынан жетілдіріп кемел ету болса, екіншісі – қоғам мен мемлекетті қуатты да құтты, қайырымды ету. Бұл Аристотель бастаған ойшылдар жасаған ғылымдар жүйесіндегі практикалық философияның мақсат-міндетімен дәл қабысады. Ал практикалық философия жеке адамның кісілігін жетілдіруді көздейтін этика мен мемлекетті қайырымды да қуатты ету жолын қарастыратын саясат ғылымдарын қамтиды. Ж.Баласағұн - осы практикалық философияның міндет, мазмұнын өз көркем шығармасы арқылы жүзеге асырған аса ойшыл ақын. Адамзатқа ортақ абсолютті ақиқаттар әр аймақ, әр елде жағдайы мен ыңғайына қарай орын алып, орнығып отырған. Ж.Баласағұнның дастаны арқылы жырланған жәуанмәртлік танымы – осы ортақ ақиқаттың түркі жұртында орнығып өмір сүруінің айқын көрінісі. Ортақ ақиқаттың мән-мазмұны жағынан көп өзгеріске түспей қайталанып отыруын Аристотель, әл-Фараби еңбектерінен байқауға болады. Кейінгі буындағы дана, данышпандар өзіне дейінгі талассыз ақиқатты «заманым, кезеңім, туған топырағым бөлек қой» деп терістемейді, өзгерте алмайды, қайта сол ортақ ақиқаттың жөнін танып-біліп қабылдауы, әрі өз тарапынан насихаттауы – жетістік, білгірлік. Жерлес, қандас, рухтас әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Ясауи, А.Иүгінеки, Абай, Шәкәрім бабаларымыз – өздеріне дейінгі адамзаттың әмбеге ортақ асыл ақиқатын айтып өткен данышпандар.

М.Мырзахметұлы өз байлам, тұжырымдарын нақты дерек, дәлелдермен түйіндей жеткізетін ғалымдар қатарына жатады. Ол 38-сөзде насихатталатын үш сипат пен оның атауы болған жәуанмәртлік туралы ұғым төркініне үңіліп, оның «Қабуснамемен» сабақтасатын байланысына да назар аударады. Абайдағы жәуанмәртліктің үш сипаттан тұратын ерекшелігін «Қабуснамедегі» дерекпен бекітіп қояды. Екі шығарма арасындағы желілес сабақтастықты айқындайды, Абайдағы өзіндік соны көзқарасты да атап өтеді. Ғалым пікірінше, Абайдың ерекшелігі – тәңірлік құбылыстан гөрі нақты өмірден туындайтын кәсіби қасиеттерге шешуші мән беруінде. Ал ғалымның өз ойын өрбіту, бекіту барысында мысал етіп алған Мәди ақын мен «Қабуснаме» шығармаларындағы асыл сипаттар хақтың мүлкі ретінде алынған. Жәуанмәртлікке қатысты асыл қасиеттерді әлеуметтік топтарға бөліп, оларды бағалауда да Абай танымы өзгелерден озық көрінеді. Ғалым бұдан әрі үш асыл қасиетті иеленіп, бұ дүние қамымен

болатын хакімдер мен ғалымдар, олардың ерекшеліктері және Абайдың ғылым түрлерін жіктеуге қатысы туралы ойларын өрбітеді. Сондай-ақ Абай қарасөзіндегі хакім болмысы туралы көзқарасқа айрықша назар аударып, хакім және ақын армандаған толық адам арасында сабақтастық барына көз жеткізе түседі.

Ғалым Абай қарасөзі мен «Қабуснамеде» үш асыл қасиетті дәріптеумен бірге оларға қарсы беттегі үш кеселді мінді әшкерелеу де ұшырайтынына назар аударған. Абай үш жағымсыз, зиянды нәрселер ретінде надандық, еріншектік, залымдықты атаса, «Қабуснамеде» «көзіңді жаман назардан, қолыңды жаман істен, тіліңді жаман сөзден тый» [1.228] делінеді. Ғалым кеселді қасиеттерді нақты да дәл, өмірге жанасымды түрде айтуда да Абайдың ойшылдық елгезектігі басым болғанын атап өтеді.

Сөйтіп 38-қарасөздің түпкі мақсаты – жәуанмәртлікті танытып, насихаттау болған дей аламыз. Ал жәуанмәртлік - адамгершілік ілімі ауқымындағы жетілу жолы екені байқалады. Біріншіден, жәуанмәртлік ақынның «белгілі жәуанмәртлік» деуіне қарағанда тамырлы, дәстүрлі ілім екені байқалады. Екіншіден, жәуанмәртліктің үш сипаттан құралатыны көрінеді. Жаратылыстағы түп негізді, алғашқы материяны іздеу барысында грек ойшылдары оны ауа, от, топырақ, су деген төрт нәрсемен айқындап тапқан еді. Олардың да түп негізіне, өзегіне қарай бет алып, молекула, одан атомға жеткенде, осы соңғы кішкене бөлшек атомның формасы үш бұрышты екен. Адам болмысы да ақыл, тән, жан атты үш нәрседен тұрады. Өмір мен тіршілік орын алатын кеңістік те ең берісі үш нүктенің қосындысынан пайда болады. Ал екі нүктенің түйісуі кеңістікті жасай алмайды, сызықты ғана түзеді. Асыл қасиеттерді үш санымен шектеудің осындай танымдарға да қатысы, байланысы болар. Үшіншіден, әділет, ақыл, рақымнан құралатын жәуанмәртлік әрбір адамның өмірде ұстанар жетілу, кемелдену жолы деуге келеді. Мұны ақынның: «...оған рауаж (пайдаға асыру) беріп гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмалатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. Бұлар – өз ижтиһадің бірлән, ниет халис (шын ниет) бірлән іздесең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ» [4.145] деген ойынан байқауға болады. Төртіншіден, адамзаттың әр түрлі тобы мен қауымы осы үш қасиетті өз халінше иелену қамында болмақ керек. Абайдың айтуында, үш қасиетті иеленушілердің алды – пайғамбарлар. Ал пайғамбарлар – адамзатты хақ жолына бастаушы асыл, кемел жандар.

М.Мырзахметұлының абайтанумен айналысқан ұзақ жылдар барысында тапқан табысының елеулісі осы жәуанмәртлік танымы деп

білеміз. Адамзат үшін ақыл, әділет, рақым жолында жүріп жетілу, жәуанмәртлікті болудан асқан арман да, мақсат та жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Мырзахметов М.* Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. - Алматы: Ғылым. - 1982. - 296 бет.
2. *Әуезов М.* Шығармалары. 20-том. -Алматы: Жазушы. -1985. - 496 бет.
3. Абай. Шығармалар жинағы. I том. -Алматы: Жазушы.-1986. - 304 бет.
4. Абай. Шығармалар жинағы. II том. -Алматы: Жазушы. -1986. - 200 бет.

REFERENCES

1. *Mirzakhmetov M.* Mukhtar Aueзов jane Abaitanu problemalari. – Almati: Gilim. 1982. -296 bet.
2. *Aueзов M.* Shigarmalari. 20-tom. –Almati: Jazushi. 1985. -496 bet.
3. Abai. Shigarmalar jinagi. 1-tom. –Almati: Jazushi. 1986. -304 bet.
4. Abai. Shigarmalar jinagi. 2-tom. –Almati: Jazushi. -1986. -200 bet.

Әліпхан М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., e-mail: maksat.alipkhan.63@mail.ru

ӘОЖ 419.992 71

Д.А.ИСЛАМ

ТҮРІК БІРЛІГІ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕ

Бұл мақалада қазақ өлеңіндегі түрікшілдік тақырыбының көркем бейнеленуі жайында сөз қозғалады. Қазақ өлеңіндегі түрікшілдік идеясын жырлау ХХ ғасыр басындағы қазақ ақыны М.Жұмабаев шығармашылығында алғаш сипатталды. Бұл сарын кеңестік дәуір тұсындағы ақындар өлеңдерінен де көрініс тапты. Әсіресе Ж.Нәжімеденов, Ж.Жақыпбаев өлеңдерінде өзгеше реңк алды. Бертін келе түрікшілдік тақырыбына барған Т.Медетбек, Т.Әбдікәкімов, т.б. ақындар болды. Қазіргі қазақ өлеңіндегі түрікшілдікті жырлаудың жанашылдығы да байқалады.

Тірек сөздері: түрікшілдік, бейнелі сөздер, дәстүр, жанашылдық, жаңа мазмұнды сөз тіркестері, көркемдік тәсілдер, елшілдік бағыт, идеялық ерекшелік, ой тереңдігі, анти-кейіпкер.

Д.А.Ислам

О единстве тюрков в казахской поэзии

В данной статье рассматривается вопрос художественного изображения тюркской идеи в произведениях казахских поэтов. Воспевание тюркской идеи впервые встречается в произведениях известного казахского поэта М.Жумабаева в начале ХХ века. Этот мотив нашел свое достойное продолжение в творчествах других казахских поэтов и писателей советского периода, как Ж.Нажмеденов, Ж.Жақыпбаев и многие другие. В более современное время тему тюркской идеи развивали в своем творчестве Т.Медетбек, Т.Абдикакимов. В стихотворных произведениях современных казахских поэтов тема тюркской идеи звучит по-новому.

Ключевые слова: тюркизм, образность, обычай, новичество, художественные методы, национальный колорит, особенности идей, глубина мыслей, анти-персонаж.

D.A.Islam

Kazak Siirinde Turk Birlidi

This article deals with an issue of literary expression of turkic ideas in the works of kazakh poets. Praising the turkic ideag are firstly met in the worlg of famous kazakh poet M.Zhumabaeu in the beginning og XX century.

This motive has its longevity in the world of other kazakh poets and writers of Soviet period as Zh.Nazhemidinov, Zh.Zhakupbaev etc. In present period this theme of turkic idea have been developing in the works of T.Medetbek, T.Abdikakimov. In poetic works of present kazakh poets the theme of turkic ideas are sounded newly.

Keywords: turkism, image, customs, newness, bell-letter methods, national colour, peculiarities of ideas, depth of Thoughts, antagonist.

Anahtar kelimeleri: Türkçülük, mecazi kelimeler, gelenek yenilik, yeni anlamlı ifadeler, sanatsal yollar, ideolojik farklılıklar, düşünce derinliği, anti-kahraman.

Біз бүгінгі сөзді қазақ лирикасындағы түрікшілдіктің көркем әдебиетке ойысқан поэтикалық құрылымындағы орны мен мәні төңірегіне арнасақ. Ақын өлеңдеріндегі отаншылдық, ұлтшыл рухтың зерлі дінгегін құрайтын көркемдік аспектілердің негізі қайда жатыр дейтін мәселелер ойлы оқырманын қызықтырары сөзсіз. Қазақ лирикалық поэзиясында түрікшілдік тақырыбын алғашқы жырлаушылардың бірі М.Жұмабаев болатын. Бұған М.Әуезов айтқандай, Мағжанның «елшілдік» бағыты себеп болатын. Бұл жөнінде ғалымдар «...Бір заманда өзбек әдебиетінде Әлішер Науаи түрікшілдік идеясын қандай жоғары көтеріп, қаншама ұмытылмас еңбек етсе қазақ топырағында тек Мағжан ғана сол даңқты дәстүрді дамытып, әдебиетімізге «бітімі бөлек, аңсары өзгеше жарқын беттер қосты» [1.240 б.] - деген сүбелі пікір қозғады. Ғалым ақынның түрікшілдік тақырыбын «Орал тауы», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма», «Қазақ тілі», «Жер жүзіне», «Айға», «Сағындым», «Тұранның бір бауырында», «Түркістан», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» өлеңдері мен дастандарын жатқызады. Түрікшілдік тақырыбы айқын көрінетін Мағжанның «Қазақ тілі» өлеңіне тоқталайық.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Таралған түрік балаларын бауырыңа,

Ақ қолыңмен тарта аларсың сен тілім! (Қазақ тілі).

Өлең тақырыбы «Қазақ тілі» аталғанымен, тек тілге арналған туынды деп олақ қабылдай алмайсыз. Тақырыптық атаудан өрбіген фабулалық желі өлеңнің ұлттық рухымен тұтасып, идеялық мазмұнды байыта түскен. Мұнда ХХ ғасырдағы қоғамдық, тарихи, әлеуметтік жағдай толыққанды суреттелген. Ұлттық қасиеттердің табанда жаншылып,

қасіретке айналған кезеңін ақын «жауыз тағдырдан» көреді. Ақын үшін халқының кешегі тарихы, өткен бақыты сын-ды. Елдік жолында қиылған тағдырлар ездік тағдырдан әлдеқайда мағыналы екен. Өткен дәуреннің өңі алтын күндей нұрлы болғандығы да, сол замандардағы өршіл рухтың өлмес ерлігімен таңбалануында.

Мағжан романтикасының биік пафосы тереңнен тамыр салғаны да осында. Ақын әулиелілігі болар, қазақтың атар таң мен күтер алтын күні өткенінің бауырында жатқандығын ерте ескертуі. «Алтын күннің» бағасыз белгісі бабамыздың рухы, бабамыздың тілі. Қазақ халқы тілін жоғалтпаса өткен алтын күнімен қайта қауышарына ақын сенеді. Осы өлеңде, ақын «ана тілі» деп қолданатын дәстүрлі сөз тіркесіне жаңаша өң беріп тұрғандығын байқауға болады. Мұндағы тіл бейнелі адамдық атауға айналып отыр. Тіл – кеудесінде жаны, жүрегі бар кісілік тұлғалы кейіпке енген адам образымен алмастырылған. Ақын «ақ қолыңмен» деп тілдің арғы жағындағы ишараларды да айқындай түскен. Мәселен, «бір қолыңмен не оң, қос қолыңмен» деп атаса да болмайды емес пе деп сұрақ қойыңыз. Жоқ, болмайды екен. Болмайтынын, ұлттық дүниетанымдағы «ақ» түсінің сонау фольклор мен ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі символдық ерекшелігімен түсіндіреміз. Ақын үшін бабалар жолы да ақ. Балаларын бауырына басатын ана не атаның жолы да ақ. Таралған түрік балаларын жүрегімен аялар ата мен ананы аңсаған Мағжанның түрікшілдік идеясын көксеген тілегі де ақ. Түрік балаларының басын қосатын түрікшілдіктің зерлі діңгегі бабамыз тілі мен мұрасында жатқандығын түрік халықтары болып ойлансақ керек. Мағжанның бұл тақырыптағы өлеңдері басқа да өлеңдері секілді драмалық тартыс белгілерімен оқшауланады. Ақынның тарихи шындыққа өрілген көркемдік концепциясы көбіне адамзаттық, гуманистік ойларымен шешіліп, түйінделіп отырады. Бұл сарын Мағжаннан кейінгі кеңес дәуірі тұсындағы ақындар өлеңдерінде шеберлікпен өрнектелді. Әсіресе, 70-жылдарда Ж.Жақыпбаев поэзиясында біршама көрінді. Ақынның тарихи тақырыптағы өлеңдерінен түрікшілдік сарынның өрнектелгенін көруге болады. Осындай жайттарға байланысты, өмір шындығына ақынның асқақ арманы қарсы қойылған романтикалық сарын келіп шығады. Өткенді дәріптеу жағынан Жұматай романтикасы Мағжанға ұқсайды. Қазіргі лирикадағы түрікшілдік сарын Ж.Нәжімеденов, Т.Медетбек, Т.Әбдікәкім, т.б. өлеңдерінде айқынырақ поэтикалық мазмұн құрауда. Жүмекеннің концептуалды туындыларының бірі – «Менің топырағым» өлеңі. Өлеңнің өн бойында фольклорлық сарын

іздері бар. Фольклорлық нақыштар мәтін құрылымының негізгі поэтикалық әлеміне қызмет етіп тұр. Батырлар жырында кездесетін «аттың тіл қатуы» бұл жерде автордың «тал шыбық» бейнесіне айналып, сөйлеуімен ауыстырылған. Өзгешелігі өлеңнен ақын тұлғасының сұлбалануы айқын көрінеді. «Тал шыбықпен автор бейнесі» қосарлана көрініс береді. «Тал шыбық» боп тіл қатқанын оқырман аңғарып отыр. Оны мына жолдарда ескертіп те өткен. «Мен бала боп туғанмен, Шыбық болып көгердім». Түркілік дүниетанымның өзінде «бәйтеректің» символдық мәні зор екендігі және ол әдеби мұраларда дәстүрлі поэтиканың көркем арналарына айналғаны қашан. Әдеби дәстүрдің көркем материалы «бәйтеректі» автор бұл өлеңде «тал шыбық, қара ағаш, емен» түрлерімен бөлектеп көрсетіп, идеялық-мазмұндық желіге орай жеке дара қолданып, сипаттап отырады. Әр түрді өрнектеп өлең тілінде берген, суретті бейнелі әлемінен ақынның концептуалды мұраты да айқын көрінеді. Өлең материалына айналған ағаш түрлері ақын идеяларының көркем бейнелеуіне сай жеке алынып салыстырмалы қалып танытқан. Ағаш түрлерін концептуалды салыстырмалы күйде қолдану, өлеңдегі көпидеялық қырлардың бейнелі берілуіне баспалдақ іспетті. Оқырманды түрлі танымдық ойларға жетелей алған өлеңнің өн бойындағы идеялық көпқырлылық бір мәтінге жүктелуі әсерлілігін арттырған. Лирикалық «меннің» субъективті толғанысы жинақталған халық бейнесінің объективті сипаттарын ашқан. Ақындық «меннің» лирикалық бейнесі қазақ дейтін халық тұлғасымен тұтастықта көрінген. Лирикалық бейне бойынан танылған әдеби мінез бен өлеңдегі әлеуметтік астарлы, оқиғалы тартыс желілерінен өрбитін поэтикалық контрастар ақындық тұлғаның келбетін даралай түскен. Ақындық «меннен» таралған лирикалық көңіл-күй сатылап, рухани мұрат белгілері аясында типтендірілген. Ендеше, ақындық тұлғаның қазақ атынан сөйлеуі табиғи. Бұл жәйт өлеңде поэтикалық ойлау негіздерімен жүзеге асқан. Ақын «мені» - шыбық тал арқылы халық бейнесін сомдаумен астасқан. Авторлық концепция шыбық тал өсімімен халықтың тарихи әлеуметтік кезеңдерін салыстырмалы психологиялық параллелизмде берумен айқындала түскен. Мұндай көркемдік тәсіл идеялық мақсаттан туындағанын ақын өмір сүрген кезеңдегі идеологиялық күйден де танысақ керек. Дәуірінің дүлей күшіне рухты халық бейнесін қарсы көрсетуде бүгінге деген сенімділік те бар. «Мен жастарға сенемін» деп жырлаған Мағжан идеясының ізі де жатыр мұнда. Енді бір қырынан қарасақ, қазақ дейтін халық болмысын, өнер қиырында адамзаттық

санаға сіңірудің де жолы жатқандығын көреміз. Оны өлеңдегі ұлттық сипатты айқындай түсетін дәстүрлі көркемдік оралымдардан анық байқасақ керек. «Бұтақтарым – биікте, тамырларым - тереңде» осының ерек үлгісі. Поэтикалық бейнелі ұғымдар төркінінің ұлттық дүниетанымнан ары Шығыс поэзиясына тән көркемдік ойлау дәстүрімен туыстасатынын көруге болады. «Содан шығар, өзімдей көретінім өзімді»-деуінде аңғал да ақпейіл қазақтың болмыс табиғаты көрінген. «Шық көзімен қарау» халықтан дінді аластаған кезең психологиясын дәл таңбалауымен ерекшеленсе, төңіректің дөп-дөңгелек көрінуі әрісі Әл-Фараби пәлсапасымен, берісі Абайдың дүниені «қауызға» сыйдырған көзқарасымен үндеседі. Қазіргі лирикадағы түрікшілдік идеяларды жырлаушы ақындардың бірі – Т.Медетбек. Мұны ақынның Махамбет бейнесін сомдаудағы ерекше тәсіл танытқан өлеңінен көруге болады. «Махамбет рухы – мәңгілік ояу рух. Ол рух ұлтымыздың басына түскен ең қысталаң қиын шақтарда бой көтереді. Бірақ оның сол күрескерлік қайсар рухын, шамырқанған сағын күні бүгінгі бейшара жалтақтық, көлгір аярлық қабырғасын қаусатып, омыртқасын опырып, жұлпынын үзіп, сындырумен келеді...» [2.3 б.]. Бұдан, Махамбеттің тарихи тұлғасы, трагедиялы өлімі, ақындық пафосы жайлы ой түюге болады. Осы анықтамалықтың соңғы абзацына назар аударыңыз. Махамбет ұлттық рухтың символына айналған. Осыдан келіп, бүгінгі қазақ рухының жұтаңдық тартқан кейпіне кейіген көзқарас туындап отыр. Осы көзқарасты көркемдік тұрғыда бейнелеген ақын Темірхан Медетбек шеберлігінің қыр-сырына үңіле түсейік.

Мәңгілік қаралы
Қаройдың үстін
Қап-қара қалың
Қара бұлттар басқан кезде;
Қараң құраң
Қалбаңдаған көлеңкелерден шошып
Байғыз біткен
Беттері ауған жаққа
Бажылдап қашқан кезде
Қара топырақты қопарыр
Үстінде жатқан
Шабылған басын
Қолына ұстап
Қапалы Махамбет

Қабірден шықты.

Сол кезде

Айналаны бөрліктіріп жіберген

Сан дыбыстар мен

Сан үндер шықты.

Бұл бас бунағы бірыңғай өлең емес. Баяндау лириканың оқиғалы өлең үлгісінде. Алғашқы шумағында 4 және 5 буынды егіз ұйқас көрініс тапқан. Шумақтар құралымының өзгешелігі жаңашылдығында жатыр. Егіз ұйқастар арасын бірнеше тармақтар қосады. Бұл жерде «Тармақ бір шумақта бір түрлі болуға да, түрлі болуға да ықтимал. Бірақ әртүрлі болғанда кесте ретін жоғалтпайтын тәртібі болуға тиіс» [3.5 б.] дегенді ескеруіміз керек. Жаңашылдығының тағы бір қыры ескі түрік поэзиясының иірімдерін еске салады. Бұл ретте Күлтегіннің үлкен, кіші жазуларына талдау жасаған ғалым Н.Келімбетовтың «Өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып қиысуы, яғни аллитерация жырдағы үндестікті, мәнерлілікті күшейте түсетінін ежелгі түркі сөз зергерлері жақсы түсініп, бұл әдісті шебер меңгергені анық. Мәселен, Күлтегін жырының авторы әдеби тілге дауыс ырғағы түгіл, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы әжептеуір ажар беруге болатынын сезген секілді» [4.76б.] пікірін алға тартудың орайы келіп тұр. Бұл айтылғандар ақын Темірхан өлеңіне поэтикалық реңк берген. Өлеңді қазіргі қазақ лирикасындағы түрікшілдік рухтың сарынын берудегі жаңа формалық ізденістің бір көрінісі деп қабылдауға да болар. Алғашқы шумақтың өзін оқығанда көз алдыңызға кезекпен өтіп жатқан оқиғалар процесінің жанды суреті келеді. Тіпті қысқа метражды фильмдерге бергісіз сюжеттік желінің бір шумақ бойына сыйдырып берілуі, автор тілінің ойды нақты шақтап жеткізудегі бірден-бір шеберлігі. Мұндағы, өлең идеясы мен оқиғалық желінің трагедиялық сипатының көркемдік бояуы түстес. Оқиғаның динамикалық өрлеуі қара бояудың полотносынан құрылған. Ақынның ұлттық санаға қозғау салатын көркем-танымдық идеяның бастауы, қара бояуды Махамбет өлімі трагедиясымен егіз етіп алып, құлпыртып беруінде. Оқиғалық өлеңнің мекені – «Қарой». Оны қап-қара бұлттар басқан. Қараң-құраң көлеңкелер. Қара топырақты қопарып, қабірден Махамбеттің шығуы. Демек, түн-тіршілікте өтіп жатқан оқиғаның уақыттың түсі мен оны суреттеу бояуы дәл қабысқан. Өлеңнің ішкі мазмұны мен сыртқы қалыбының үндестік гармониясы да қара бояудың әуезді күйіне жегілген. Ұлттық идеяны көркем түйіндеп берудегі өлең шешімі көркемдік деталь ретінде «қасқырдың ұлуы»

арқылы ұтқыр берілуі орайлы шыққан. Т.Әбдікәкімұлының ақын Асқар Егеубай шығармашылығы жөнінде айтқан мына пікірі «...Көкбөрі» метонимиясы – жалған дүниенің эпитафиясы ғана емес, ол, сонымен бірге ұлтымыздың шамырқанған рухының тотемдік портреті де?» [5.4б.] екі ақын өлеңдерінің рухани өзегіне берілген дәл диагноз. Темірхан өлеңдеріндегі «қасқырдың ұлуы» негізгі идеямен қоса бірнеше мәндік белгілерге ие. Оқиғалық өлеңнің соңғы түйініне айналып, көркем уақыттың шексіздік мәнін танытқан. Бассыз дүниеге бастың керек бомауы мен қасқырдың ұлуы, Махамбет заманы ғана емес, сонау Күлтегін дәуірінен бүгінге дейінгі адамзат баласының өмір сүру мәнінің философиясы мен ондағы «рухтың» мәңгілікпен параллелизмдік ұғымын айқындай түскен.

Саналылар күресінің мәніне айналған «рух» жеке адамдық дүниетанымнан жалпы халықтық дүниетанымның мәйегіне айналған. Осы рухты жырлау арқылы, бүгінгі адамдық сананың әлсіз қатпарлары анық сыналып тұр. Автор адамдық өмір сүру концепциясын да осы рух ұғымының астарына байлаған. Діни немесе философиялық танымдарда тарқатыла айтылатын «рух» мәні туралы өзіндік пәлсапа қалыптастыруды мақсат тұтпаған. Бірақ, көркем әдебиет арқылы ұлттық санаға салмақ түсіріп, қозғау салатын әсерлі күштің белгісін рухты сөйлету әдісімен шеше білген. Бұл, ұлттық дүниетаныммен етене қабысып, тіпті шынайы қалыпты танытатын күйге ауысқан. Өлеңнің оқиғалық желісі мистикалық кеңістіктен реалды уақыт арқылы шынайылықпен қабыса түскен. Бір жағынан қазақы дүниетанымдық болмысты терең суреттеп отыр. Қазақтың ұлттық дүниетанымдық қасиеті көзімен қарасаңыз, өлеңнің мистикалық желісі шынайы өмір сүретін шындығына айналып кеткенін ұғына аласыз. Мұның бастауы Түркілік дүниетаным философиясында жатыр. Автордың бүгінгі өмір тынысының сұрықсыз келбетін, «қара мен ақтың» бітіспес қарсылығы арасындағы күрес күретамыры етіп Махамбет бейнесімен суреттеуі, әділетсіздікке анти кейіпкер биігінен бейтарап позиция ұстауы хас шеберлігінен деп білсек керек. Бейтарап позицияның өзі «қасқырдың ұлуымен» астасып жатыр. Әйтпесе, авторлық позиция өлеңнің көркем мәтініне терең таңылған. Оған, оқырмандық қабылдау психологиясы тұрғысынан қараған жөн. Авторлық дүниетанымдық концепция өлең мәтініндегі көркемдік ойдың берілу шеберлігінен де көрінеді. Мәтіннің тағы бір ерекшелік белгісі ақ өлең үлгісінің ескі түркі поэзиясы айшықтарымен әрленуінде. Ол белгілердің өзі хас шебердің қолына түскенде қазақтың қара өлеңі

табиғатымен жымдасып, айырғысыз қалыпқа түскендей. Оқиғаны суреттеуде автор тілінің өлең әуезділігімен үндестік тапқандығымен қатар, басы артық көркемдеу сөзінің болмауымен де ерекшеленеді. Ойды беруінде де жинақылық тән. Мәселен «мәңгілік қаралы» деп анықтаушы айқын берілген «Қаройдың» оқырман өмірде болған Махамбет трагедиясын елестету арқылы-ақ шынайы қабылдайды. Қаройдың қазақ тарихындағы орнын оқырманға түсіндіріп жатудың керегі жоқ. Ол қазақ үшін «мәңгілік қаралы». Автор халықтық трагедияны екі ауыз суретті сөзге сыйдырған. Трагедияның өмірлік синдромын «байғыз біткеннің бажылдап қашуымен» нақтылай түседі. Байғыз халықтық түсінікте жамандық атаулыны шақыратын құс. Бұл қасиетін «бажылдап» сөзімен алмастырып отыр. Махамбеттің қабір сыртына шығуымен салыстырмалы тұрғыда, өлмес рухтан шегінген жамандық атаулының бейшара халінде көрсеткен. Осы тұста, ақындық түйсіктің мистикалық желіні реалды көрініске жақындата түсу үшін, саналы түрде қолданған «сан дыбыстар мен сан үндер шықты» дейтін бейнелі жолдарының функциясы айрықша. Мұны да халықтық діни түсінікпен қабылдаған жөн. Солай қабылдаған күнде, мистикалық желінің шындыққа айналғанына сенесіз. Халықтық тарихи тұлғаға айналған Махамбет рухының әруақ кейіпінде тіріліп, келген заматындағы, сол кезеңдегі соғыс стихиясы қоса суреттелгенде, мистиканы реалды оқиғамен шендестіріп беріп отырғанын байқаймыз. Автор бұл шеберлікті мәтінде «көзге көрінбейтін» сөздерімен алып сипаттап отырады. Мәселен мына жолдарға назар аударсақ.

Көзге көрінбейтін
Алыс-шабыс,
Апыр-топыр басталды;
Біреуі өлді,
Біреуі өлмеді...
Көзге көрінбейтін жебелер
Жыландардай ысқырып ұшып,
Көзге көрінбейтін адырналар
Ала өгіздердей мөңіреді.

Осы жолдарда-ақ оқиғалық ситуациялардың «бір кезде солай болғандығы елестеп», көзге көрінбейтін тарихқа айналғандығына риясыз сенесіз. Тек сол «көзге көрінбейтін»-дейтін тілдік қолданыстан ақын қиялының жемісінен ұшқындап, поэтикалық көркемдік әлемнің мазмұнына өткенін байқаймыз. Оқиғалық өлеңнің ерекшелігі де осында. «Повествовательное стихотворение – это как правило,

предельно лаконичные рассказы о каких-то событиях» [6.12б.]. Оның баяндау лирикасы сипатында жазылғанымен, ақындық «Меннің» тұрпаты сұлбалана түсетінінде. Алдымен, ақындық «Меннің» сипатын Махамбет рухымен туыстас бейнеленуі және сол рухты қайта жоғалтқан беймазалақ жаймен бедерленуімен түсінуге болады. Мұндағы лирикалық кейіпкер ұғымымен да тура мағынасында қабылдау қиын. Ақындық «менге» астарлы ұласқан Махамбет бейнесінен лирикалық «Меннің» концепциялық көзқарасын ұғынуға болады. Ақындық «менмен» лирикалық кейіпкердің тұтастығынан ұлттық сана бейнелілігін ауыстыру тәсілі арқылы суреттеуде қолданған. Ал, автор интеллектуалдылығының биік өлшемімен қарасақ, ақындық «Меннің» концепциясына Махамбет анти кейіпкер тұрғысында қызмет етіп тұр. «Жалпы образды немесе поэзиялық сананың дамуы екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – мифологиялық ойлау, екіншісі – метафоралық ойлау» [7.24б.]. Осы пікірді тереңдете түссек, «анти поэзия, анти кейіпкер» табиғатын теориялық негіздермен тани аламыз. Ақын өлеңі осының ерек үлгісі болып саналады. Абай мен Мұхтар туған өңірде туылып, бүгінгі қазақ өлеңінде айтарымен дара келе жатқан ақын Т.Әбдікәкімұлы, «адам туған жерінің топырағына тартады» дейтін түсінікпен қарасақ, өлең иесінің болмысындағы (мекендік жағы) гениологиялық сабақтастықта да бір сырдың жатқаны анық. Бұлай пайымдауымызға ақын Тыныштықбек өлеңдеріндегі дара бояулар мен үйлесім әлемі шақырады. Ақын өлеңдеріндегі түрікшілдікті жырлау тәсілі алдыңғы ақындар шеберлігінен мүлде бөлек. Мұнда түрікшілдік идеяларды сипаттайтын белгілі символдармен айқын көрсету көрінбейді. Бұл сарынды өлең мәтінінің астарында жасырынған идеяларды түзетін сөз тіркестері мен бейнелілігін құрайтын көркемдік тәсілдер жүйесінен аңғарамыз.

Алдымен ақын өлеңдеріндегі сөзді ойнату, тың мағынада қолдануы, жаңа сөз бен сөз тіркесін тудырып, бейнелі ұғымдар қалыптастырудағы шеберліктеріне зер салсақ. Мәселені айқындар алдында, суреткерлікпен сипаттаудағы ақынның бейнелі сұлу, әрлеу тілі тұстарына тұсалып өтейік. «Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап //Түнде сәл Ай сәулесін тыңдап алам; Қыз көктем көл басына асығады //бұрымы бұлт ішінде тарқатылып; Дем алармын желіні сыздап таңның //Қозы бұлттар жамырап емген кезде; Марқа-көңіл маңырап болмай қойды, //Терезеден Ай қарап теке мүйіз; Көгілдір-нұр төгіп тұр көкте жұлдыз //Қой көзіндей сәулеге шағылысқан; Жамбасынан сыз өтіп туған айдың //Күн де бүгін алыпты қораланып; Қар мен жаңбыр жатыр

гой найзаласып //Ашқарақ қой – сендегі алаң көңіл, //Сынған кесе – кешегі Ай жаңасы; Күлген сайын сырттағы күрең боран //Жын жылайды пешіннің қолқасында; Жетім зарын ұқпайтын жандар да бар //Желіні жоқ мал сені қайдан ұқсын; Жартастың үкі ұшатын қолтығынан жантайып, жарықтық Ай есінесе; Шаңырақтан тік түскен найза сәске //Сүйегіне сандықтың тұр шаншылып; Мұң саңқыған сезімнің шатқалынан//Маңырайды таутеке ұйқысырап; Мен-бейшара, Даламның айтқан сырын//пенделердің тіліне аударамын; Жұлдыздардың шырынын ұрттаған таң ұйықтап жатыр //Ұйқыға жұрт та құштар; Гүл тілімен даламды пішіндесем //Нені ұйғарды өз тілін түсінбес ел; Кітап оқып тауысармыз қалың-қалың //Құмырсқаның құдайға жалынғанын біле алмаймыз» [8.6-28б.]. Сөз бейнелілігі мен суреттілігі өлең мәтіндерінде қаншама. Біз аз бөлігін ғана мысалға алдық.

Мұндағы «қаздардың қаңқылынан қаймақ жалау» нені аңғартады. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінде» «Йалқус қаз етмес /Жалғы қаздың шаңы шықпас» [9.118б]-дегенге саяды. Бір адамның айтары зор болғанмен, оның қоштары болу керек дегенді ұқтырса, айтарлы адамның жәй, тегін адам еместігін байқаймыз. О бастағы ерек дауысы қаз үніне баламалы алынғанымен, айтарлы адам жалғыздықтың кейпін дәл танытқан. Ондай айтары бар тұлғалардың дауысы сан ғасырлы тарихымыздың беттерінен естіледі. Демек, ақынның «қаздардың қаңқылынан қаймақ жалауы» «өзіне дейінгі асыл сөз» иелерінің мұрасына қанығып келуін танытады. Бұл «қаздардың қаңқылы»-деп жалпы (көпше) түрде берілуімен де үйлеседі. «Қаздардың қаңқылы» – өнер не тарихи тұлғалы адамдар бейнесін типтендіріп беріп тұр. Автор өзіне дейінгі рухани мұра алдындағы жауапкершілігін байқатып, лирикалық «мен» арқылы «біздің» өнер алдындағы міндетін танытады. Рухани, әдеби мұра – қаздардың қаңқылы арқылы тұспалданып беріліп тұр. «Қаймақ жалау» етістігіндегі сөз тіркесі тура мағынасынан жаңа мән-мазмұнға ойысқан.

«Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап» – ақын сөзді ойната, құлпырта отырып, өз бейнесіне жақындата түскен. Сөз тіркестеріне жаңа мазмұн дарытқан ақын өзінің де қандай ақын екендігінен хабардар етеді. Авторлық, ақындық «Менінің» дара келбеті кескінделіп тұр. «Мендік» болмысты танытқан ақын «Түнде сәл Ай сәулесін тындап алам» -деп, жаңа, тосын сырды алдымызға тартады. «Ай сәулесін тындау» қазақ поэзиясында бұрын-сонды естілмеген көріністі құбылыс. Сонау С.Сараидан бастап «Жаңа туған айдай қасың,

уа, көріктім; Талпынған шығар Айға алыс (Абай), Ажары ақ бетінің асқан айдан (Ш.Бөкеев), Жұлдызды-жүзік, айды алқа-ғып тағайын (М.Жұмабаев), Құйылады гүлдерге // айдан саулап аппақ сүт (С.Мәуленов), Жұлдыз-түйме, ай алтын танасындай (З.Қалауова), Әйел деген сөз-сөз бе деп «Ай елі деген» (Ж.Жақыпбаев), Көл-ана, ай бөбегін шомылдырып//сызады күміс шеңбер дөңгелетіп (Ө.Нұрғалиев) секілді метафоралы, көркем бейнелеулер бар. Бұлардың қасында «Ай сәулесін тыңдау» - сұлулық Тәңірінің сипатын көруден, таңданудан өңге сыр тартады. Біз табиғаттағы (әйелдегі) сұлулықты Ай бейнесіне баламалы метафоралармен екшелген жыр кестелерін көп кездестіреміз. Мұнда «Ай нұрына шомылып, не ай келбетінен сұлулық іздеуден» яғни, заттық ұғымның сыртқы қасиетінен, не оның физикалық жаратылысымен ғана байланыс түзу жоқ. Ай сәулесін де тың әрі жаңа мазмұн әрі мифтік түсініктегі ақиқаттың сыры жатыр. Ақын не лирикалық кейіпкер санасында бедерленген Ай жанды әлемнің иесі. Сұлулықты көретін адам көзінің функциясын, құлақ арқылы тыңдап қабылдайтын «жүрек» атқарып тұр. Абайдың:

Есіткендей болады,

Құлағым ескі сыбырды.

Ескі ойға көңілім толады,

Тірілтіп өткен құрғырды-деген өлең жолдарындағы ойлар концепциясы ақын Тыныштықбектің «Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап//Түнде сәл Ай сәулесін тыңдап алам» - деген жолдарында жанашылдықпен бой көтеріп тұр.

Зерттеуші Б.Я.Шидфар «Бұл поэзияның көркемдік, бейнелілік құралдарының негізі – сөз, нақты көру түсінігіне негізделген образ емес, әлем келбетін бейнелейтін және адамзаттың ойлау жүйесінің бірден-бір қуатты, пәрменді құралы – көп мағыналы астарлы сөз»-деген пікір айтады [9.154 б.]. «Ай сәулесін тыңдау» бейнелі сөз тіркесінен мағыналылық пен астарлы ойға жетелейтін дүниетанымдықты көреміз. Мәселен, біріншіден, табиғаттың жанын, тілін түсіну. Екіншіден, сұлулықтың үнімен үйлесу. Үшіншіден, ақыл іздеген ақиқатпен табысу. Яғни, діни мәдениетіміздегі Ай белгісінің сипатындай, «көктен құйылған нұрдың» кереметін түйсіну секілді. Ақынның Ай бейнесін көріктеуде суретті сөздің сан түрлі формасын жасағанын көреміз. Олар «Терезеден Ай қарап теке мүйіз; Ал түнде Ай қарайтын шекесінен; Жамбасынан сыз өтіп туған айдың; Сынған кесе – кешегі Ай жаңасы; Ай жоғалар аспанда, жер түгілі//Жарығына бет бұрып туар Айдың //Бұлт құрсағын бұл маусым дұғалайды; Тереземде

– көк түннің қызыл Айы...; Бұлтқа сүйеп маңдайын, қыбыр етпей//Тау басында әлі отыр Ай құнысып; Ай да туар сақалындай ешкінің; Ай сап-сары//Сарғайып жалғыз тісі тұр тажалдың...; Қарашығын Ай үсіткен Өлеңімнің маңдайын//Қызыл тілмен сипалап...; Тау басында оқып отыр Ай бозғылтым дұғасын; Көкшіл түннің жап-жарық қауырсыны; Жұлдыз түкті көксұр түндер жарық дүние қаймағын//Айлы тілмен күнде жалап, ...қанталатқан таңдайын» [8.6-109 б.б.].

Мұндай, Айды суреттеудегі бейнелі оралымдар қазақ поэзиясының көркемдік құрылымына ендірген ақын табыстары. Соны ерекшелігі, ақынның поэтикалық лексикасы бейнелі сөз бен сөз тіркестері ұлттық дүниетаным аясында дамып отырады. Жоғарыдағы, Ай бейнесіне қатысты метафоралы иірімдер әр өлеңнің идеялық-көркемдік мазмұнын ашумен қатар, автордың дүниетанымдық интеллектілігін танытып тұр. Табиғаттың қарапайым жаратылысы мен елеусіз сәттерін зергер сезіммен түсінікке салып «жаңа бір әлемнің» бейнесін қалау аса сезімталдық пен дарындылықтан туындаса керек. Бұл қырынан алғанда ақын табиғат тылсымына қанық, жете зерттеуші, жаратылыс лабораториясының ыждағатты бақылаушысындай. Бұл орайда, автор қазақ халқының этнографиялық мәдениетін де терең меңгергендігімен дараланады. «Теке мүйіз-Ай мен ешкінің сақалындай Айдың» бейнесі мал баққан қазақ дүниетанымында келісті ауыстырылып берілген. С.Негімовтің «Метафоралы ойлау жүйесі дегеніміз – көркемдік ойлау жүйесі. Ендеше, көркемдік ойлау – өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып, қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше бір түрі. Мұның ғылыми-теориялық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады» [10.33 б.] - деген пікірінде ақынның көркемдік дүниетанымының ғылыми негіздері жатыр. Бұл пікірдің лирикатану саласындағы шетелдік ғалымдар көзқарастарымен де сабақтастыруға болады. «There are several ways of studying poetry in its typological aspects. The most usual one is the analysis of such features as: the structure of the verse, metre, rhythm, rhyme, sound-repetitions, syntactic and semantic features» [11]. Лирикатаным тұрғысынан алғанда пікірлер сабақтастығы туындының идеялық мақсаттарында сәйкестенетіні болмаса, ұлттық поэзия құрылымы табиғатында өзгешеліктерге ие болатынын да ескерген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бердібай Р.* Ел боламыз десек... – А., ЖШС «Қазақстан баспа үйі», 2000, - 400 б.
2. *Медетбек Т.* Қаралы Қаройда болған түнгі оқиға //Жас алаш №80, 5 қазан, 2006.
3. *Байтұрсынов А.* Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Құрастырған Р.Нұрғалиев. -Алматы: Жалын, –1991. – 464.
4. *Келімбетов Н.* Қазақ әдебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Зерттеу. Алматы: «Ана тілі», - 1998. -256.
5. *Әбдікәкімұлы Т.* Көркем де көсем ой кітабы //«Жұлдыз». Алаш жұртының әдеби, әлеуметтік журналы. 2 ақпан, 2005.
6. Введение в литературоведение. М.: «Высш. шк.», 1983, С.160
7. *Негимов С.* Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. Алматы. - 1995.
8. *Әбдікәкімов Т.* Ақшам хаттары: Өлеңдер, балладалар, толғаулар. – Алматы: Жалын, – 1993. –128 б.
9. *Шидфар Б.Я.* Образная система классической арабской литературы. – М., 1974
10. *Негимов С.* Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. -Алматы: Ғылым, -2001.-280 б.
11. *Weststeijn, W. G.* (January 01, 1989). Plot Structure in Lyric Poetry. An Analysis of Three Exile Poems by Aleksandr Puškin. *Russian Literature*, 26, 4, 509-522.

REFERENCES

1. *Berdibay R.* El bolamız desek... – Almati: JŞS «Qazaqstan baspa üyi», - 2000. - 400 b.
2. *Medetbek T.* Qaralı Qaroyda bolğan túngi oқиға// Jas alaş №80, 5 qazan, 2006.
3. *Baytürsinov A.* Aq jol: öleñder men tarjimeler, publ. maqalalar jäne ädebi zertteu. Qurastırğan R.Nurğaliev. – Almati: Jalın, 1991-464.
4. *Kelimbetov N.* Qazaq ädebieti bastauları Kөрkemdik дәstür jalğastıǵı zertteu. –Almati: «Ana tili», - 1998. - 256.
5. *Äbdikäkimulı T.* Kөрkem de kösem oy kitabı// “Juldız” Alaş jurtinıń ädebi, äleumettik jurnali. 2 aqpan, 2005.
6. Vvedenie v literaturovedeniye. M.: «Vıssh. sk.», 1983, S.160.
7. *Negimov S.* Aqın-jıraular poeziyasınıń beyneliligi. A: 1995.

8. Äbdikäkimov T. Aqşam hattarı: Öleñder, balladalar, tolğaular, -Almati: Jalın, -1993. -128 b.

9. *Şidfar B.Ya.* Obraznaya sistema klassičeskoj arabskoj literaturı. – M., 1974;

10. *Negimov S.* Aqın-jiraular poeziyası: Genezis. Stilistika. Poetika. Oqu quralı. –Almati: Ğılım, -2001.-280 b.

11. *Weststeijn, W.G.* (January 01, 1989). Plot Structure in Lyric Poetry. An Analysis of Three Exile Poems by Aleksandr Puškin. *Russian Literature*, 26, 4, 509-522.

Ислам Д.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: Dosbol-75@mail.ru.

ӘОЖ 811.111: 811.512.122

Н.Н.ТОЙШЫБЕКОВ, С.Т.НЫШАНОВА

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПЕН АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ
ЕСІМДІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Қазіргі уақыттағы қазақ пен ағылшын тілдеріндегі есімдіктің орны ерекше. Оның шығу тарихы және лексика мен грамматика саласындағы орындарын зерттеу өзекті мәселенің бірі болып саналады. Сонымен қатар есімдіктің көптелу, септелу, жіктелу түрлеріне қарай ара жігін ажыратамыз. Есімдіктің негізгі зерттеу бағыты сапалық және сандық жағынан зерттелетін тілдің қолданысын анықтау болып табылады.

Тірек сөздері: грамматика, лексика, модальдық етістік, абстрактілі, атрибутивті, субстантивті, морфология, есімдіктің семантикасы.

Н.Н.Тойшыбеков, С.Т.Нышанова

**Исследование местоимений в современном казахском
и английском языке**

В современном казахском и английском языке местоимения занимают особое место. Исследование истории возникновения местоимений и их роли в лексике и грамматике является одним из самых актуальных вопросов. Вместе с этим местоимения имеют множественное число, падеж и лицо, а также другие лексико-грамматические различия. Основным направлением данного исследования является качественное и количественное определение использования местоимения в изучаемых языках.

Ключевые слова: грамматика, лексика, модальный глагол, абстрактный, атрибутивный, субстантивный, морфология, семантическое местоимение.

N.N.Toyshibekov, S.T.Nyshanova

Study of Pronouns in Modern Kazakh and English Languages

In the modern Kazakh and English languages the pronouns occupy a special place. Study the history of the pronouns and their role in vocabulary and grammar are one of the most actual questions. Along with these pronouns are plural form, case, as well as other differences of lexical and

grammatical forms. The main direction of this research is the qualitative and quantitative determination of the use of pronouns in the studied languages.

Keywords: grammar, lexicon, modal verb, abstract, attributive, substantive, morphology, semantic pronoun.

Anahtar kelimeler: gramer, sözcukbilimi, yardımcı fiil, soyut, vasıflık, maddi, morfoloji, semantik zamir.

«Қазіргі қазақ пен ағылшын тілдеріндегі есімдіктердің зерттелуі» атты тақырыбының мақсаты қазақ пен ағылшын тіліндегі сөздердің орын алмастыруы, модальдік етістіктер мен морфологиялық және грамматикалық жағынан есімдіктің көптелуін, септелуін, жіктелуін қарастыру болып табылады. Тілдегі лексика-грамматикалық сөздердің сипатына байланысты топтастыру грамматиканың теориялық және тәжірибелік маңызы өте зор, әрі негізгі және түйінді мәселе болып саналады. Осы мәселе тек қана грамматиканың жай ғана өзекті мәселесі емес, ол лексикамен де байланысты негізгі мәселесі болып табылады. Сондықтан, сөздердің лексика-грамматикалық сипаттарын айқындау грамматиканың ең өзекті мәселесі болып есептелінеді.

Қазіргі таңда есімдікті алмастыратын сөздер ғалымдар мен лингвистердің жинаған еңбектерінде қарастырылған. Лингвистер алмастырушы сөздер жөнінде әңгіме қозғай отырып, есімдіктің - зат есімдегі сөздерді алмастырушы сөздер ретінде қолданылуы оның бір қызметі екенін айтады. Осындай жұмыстардың бірі болып саналатын - Е.М.Гордон мен И.П.Крылованың «*A Grammar of Present Day English*» еңбегінде көрсетілген [1,172б]. Автордың еңбектерінде есімдік екі бөлікке бөледі - зат есімдегі есімдік және сын есімдегі есімдік.

М.Г.Рубцова «*Ағылшын тілінің техникасы мен ғылым әдебиетін үйретудегі лексикалық-грамматикалық анықтама*» атты еңбегінде есімдікті алмастыратын сөздер ретінде қарастырған, сондықтан есімдіктің негізгі мағынасы олар үшін алмастырушы сөздер ретінде қызмет атқарғанда ғана мәні ашылады делінген. Сондықтан өзінің жұмысында басқа есімдікті алмастыратын сөздер мен етістікті алмастыратын сөздер деп қарастырған [2,214 б].

Модальдік етістік өткен шақтың немесе келер шақтың түрін құрай алады, осындай жағдайда олар *be able to, have to* басқа мағынаны алмастыра алады. Мысалы: *I have to go a school. I am able to swim.*

Алмастырушы сөздер тек қана қызметтік сөздер болмайды. Алмастырушы сөздер ретінде қолданылатын бөлек сөз тәуелсіз сөздер

болады, мысалы thing сөзін қосып С.С.Беркнер мен әріптестері алмастырғыш сөздер ретінде жаргондық сөздер және кейбір дөрекі сөздерді айтуға болады деген. «Көп пайдаланылатын сөздер кең семантикалық story, thing, stuff сөздері, сонымен қатар shit дөрекі сөзі көбіне this thing, stuff like that есімдіктерімен бірлесіп қолданылады. Көбіне оқушылардың ауызекі сөйлесу кезінде кездеседі десек болса, кейде оларды оқытушылар да қолданатын болады. Мұндай сөз тіркесі мен сөздер біртектес атаулар қатарынан жалпы мүшелерін белгілеуде қолданылады: stuff like that, shit like that, things like that. Осындай алмастырушы сөздердің мағынасын тек қана мәнмәтіннен түсіну мүмкін». Ал, қазақ тілінің энциклопедиясында есімдікке мынадай анықтама берген: «*Есімдік - есім сөзінің орнына пайдаланылатын сөз табы*». Алмастырушы сөздер қатарына тек қана зат есім кіруі мүмкін. Есімдік басқа да зат есімдікті анықтауы мүмкін деп Е.Е.Израилевич пен К.Н.Качалова еңбектерінде көрсетілген. Е.М.Гордон мен И.П.Крылова еңбектері мазмұндас, сабақтас болып табылады. Олардың кейбір жұмыстарында айырмашылықтар бары байқалады. Мәселен, Е.М.Гордон есімдікті жіктегенде эмфатикалық есімдік пен өздік есімдіктің айырмашылығын бөліп көрсетті. Е.М.Качалова мен оның серіктестері өздік есімдіктер мен эмфатикалық есімдіктердің қызметі қосымша қызмет атқарады деп айтқан [3,184 б].

Морфология жағынан алып қарайтын болсақ, есімдіктер өзге сөз табы тектес көптелуге, септелуге бейім келеді. Сонымен қатар есімдікке тән өзіндік ерекшеліктері бар. Көптік мағыналарды білдіру үшін зат есім лексикалық, морфологиялық тектес синтаксисте өзгеріске түсіп жатады.

Есімдіктің көбіне септелгенімен, қайсысы болсын жалғаудың дәстүрлісін қабылдамайды: (менге емес) маған, (сенге емес) саған, (меннен емес) менен, (сеннен емес) сенен, (олға емес) оған, (олмен емес) онымен, (солмен емес) сонымен, т.б. Сөз тудыруға келетін болсақ есімдіктердің жаңа сөз жасауы өте аз кездеседі.

Грамматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты есімдіктер жеті бөлікке бөлінеді: жіктеу, сұрау, өздік, сілтеу, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау.

Зерттеуші Ахмеди Ысқақов тақырыпқа байланысты есімдік заттың атын, санын, сынын білдірмейді, бірақ олардың (зат есім, сан есім, сын есімдердің) орнына пайдаланылады. Есімдіктер нақты ойды немесе түсінікті жалпы меңзеу дегенді білдіреді. Есімдіктің нақты

мағынасы өзінен бұрын айтылған сөйлемде не болмаса жалпылама сөйлем түсінігіне қарай білінеді. Мысалы, Ол Прутковтың барлық афоризмдерін біледі (С.Ерубәев).

Есімдік пайда болуына байланысты екі бөлікке бөлінеді. Оның бір бөлігі ерте уақытта пайда болып, содан бері келе жатқан бұрынғы (көне) түбір есімдіктерге енеді, екінші бөлігі тіліміздің жетілу, даму процесіне байланысты кейінгі уақытта пайда болып, соңғы кезде қалыптасқан есімдік жатады. Бірінші бөлікке мен, сен, ол, біз, сіз, кім, қай, не, бұл, міне, т.б. тектес қазіргі уақытта талдап, бөлшектеп жатуды керек етпейтін түбірлі сөздер кіреді. Есімдіктің кейінгі бөлігіне осы тектес үш түрлі есімдіктер жатады. Сонымен қатар, біреу, бір, түгел, бүкіл, т.б. тектес есімдіктер күллі, әр, пәлен сияқты (парсы, араб, т.б.) тілдерінен келген сөздер жатады.

Жалпы алғанда, есімдіктер жалпылама атаулы сөздер қатарынан болғанымен, олардың бір бөлігі жалпы заттық атаулар болса, екінші бөлігі жалпылама белгі атаулары тектес күрделі екі бөлікке бөлінеді.

1) Субстантивті есімдіктер - заттық ұғымдардағы сөздер;

2) Атрибутивті сөздер - заттық белгісіндегі ұғымдық сөздер деген күрделі екі бөлікке бөлінеді.

Екінші есімдіктің барлығына тән заңдылық деп қарауға болатын ортақ формасы мен өзгеретін амалдары жоқ. Мұндай жағдай есімдіктің өзге сөз таптарынан жеке дара ерекшелендіріп тұратын морфологиялық белгісі болып табылады.

Есімдіктер семантикасына қарай жеті бөлікке (жіктеу, сұрау, сілтеу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін) бөліп көрсететінін көреміз.

Google Ngram деректер базасының қолданылуына байланысты есімдіктің бірінші жағы 9 тілде пайдаланылады, сонымен қатар зерттеу жұмыстарына қатысты есімдіктің қолдану дәрежелері әртүрлі мәдени құндылықтардың ауытқу жағына қарай жекешелік немесе ұжымшылдық бағытында 59 жыл бойы зерттелген. Тоғыз тілдің ішіндегі сегізі (британдық ағылшынды қоспағанда), бірінші жақтағы жекеше түрдегі есімдіктің тарихы (немесе бірінші жақтағы көпше түрдегі есімдік) неғұрлым кең таралған және өз кезегінде қарқындап дамығанын көрсеткен. Осы уақытқа дейін олар бастапқы уақытта төмендеп, британдық ағылшын нұсқауларындағы бірінші жақтың жекеше түрдегі есімдік (немесе бірінші жақтағы көпше түрдегі есімдік) пайдалану ретіне қарай басқа тілдерге қарағанда жоғары болды [4, 312 б].

Қорыта айтқанда, есімдіктерді зерттеп жүрген зерттеушілердің пайымдауынша, сөз табының теориясындағы есімдікке түсініктеме беру өте қиын екенін байқатады, өйткені есімдіктің сын есімнен және зат есімнен өзгешелігі бары байқалады және есімдік қандай болмасын бір заттың атын немесе сапасын айтпай, тек қана оның сұрау, сілтеу, мегзеу, т.б. мағынасын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Крылова И.П., Гордон Е.М.* Грамматика современного английского языка, Учебник для ин-тов и фак. иностр. яз. - 9-е изд. - М.: Книжный дом «Университет»: Высшая школа, 2003. - 448 с. - На англ. яз.
2. *Рубцова М.Г.* Полный курс английского языка. Учебник-самоучитель. 3-е изд., испр. и доп. - М.: АСТ, Астрель, 2004. - 544 с.
3. *Беркнер С.С., Пеньков Б.В.* Некоторые лексико-семантические особенности языка американской средней школы второй половины XX века (учащиеся и учителя) / Язык, коммуникация и социальная среда, Выпуск 1, Воронеж, 2001. – 254 с.
4. *Yu, Feng; Peng, Theodore; Peng, Kaiping;* и др. Journal of Cross-Cultural Psychology, Feb 2016, Том: 47, Выпуск: 2, Стр.: 310-316.

REFERENCES

1. *Krylova I.P., Gordon E.M.* Grammatika sovremennogo angliskogo yazika, Uchebnik dlya institutov I fak. inostr. yaz. – 9 –e izd. – М.: Knijny dom «Universitet»: Vysshaya shkola, 2003. - 448 s. – Na angl. yaz..
2. *Rubchova M.G.* Polny kurs angliskogo yazika. Uchebnik-samouchitel. 3-e izd., ispr. i dop. – М.: AST, Astrel, 2004. - 544 s.
3. *Berkner S.S., Penkov B.V.* Nekotorye leksiko-semanticheskie osobennosti yazika amerikanskoj srednei shkoly vtoroi poloviny XX veka (uchashiesya I uchitelya) / Yazik, kommunikachiya I sochialnaya sreda, Vypusk 1, Voronej, 2001. – 254 s.
4. *Yu, Feng; Peng, Theodore; Peng, Kaiping; I dr.* Journal of cross-cultural psychology, Feb 2016, Том: 47, Vypusk: 2, Str.: 310-316.

Тойшыбеков Н.Н. - магистрант, Ахмет Ясауи университеті Түркістан қ., e-mail: nursultan-9191kz@mail.ru

Нышанова С.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан қ., e-mail: saltanur@mail.ru

ӘОЖ 37.016:811.111

А.Н.БАЯЛИЕВА, Г.А.ҚАЙНАРБЕКОВА

**ҚАЗІРГІ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ
ТАЛАПТАР**

Бұл мақалада авторлар қазіргі шетел филологиясында жаңа білім стандартының жасалуы, білім берудегі жаңашылдық талаптар инновациялық технологияларды меңгертіп, білім берудің жаңа технологиясымен жұмыс жасаудың мәнін ашады. Сонымен бірге автор проблемалық оқыту технологиясы, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы, ойын арқылы оқыту технологиясы, белсенді оқыту технологиясы жайлы мәселелерге назар аударған.

Тірек сөздері: филология, технология, стандарт, білім, оқыту, түсіндіру, шет тілі, жаңашыл.

А.Н.Баялиева, Г.А.Кайнарбекова

Новые требования современной иностранной филологии

В этой статье авторы раскрывают сущность усвоения новых технологий в обучении, усвоения требований новых инновационных технологий в обучении и подготовке стандартов образования в современной иностранной филологии. Вместе с тем уделено особое внимание на технологию проблемного обучения, уровневого технологию обучения, проектную технологию обучения, игровую технологию обучения и на технологию интенсивного обучения.

Ключевые слова: филология, технология, стандарт, знание, обучение, объяснить, иностранный язык, современный.

A.N.Bayalievа,G.A.Kainarbekova

The new requirements of modern foreign philology

This article deals with the essence of managing new technologies. The author points out the importance of managing of new innovation technology demands in teaching process, and in standarts of education in modern foreign philology technology.

The authours notes the problematical teaching, analytical and project technologies. They also point out the importance of using games technology, systematic training and reference tables in teaching.

Key words: philological, technology, standart, education, to teach, to explain, Modern, foreign.

Anahtar kelimeler: filoloji, teknoloji, standart, öğretim, eğitim, anlatma-açıklama, yabancı ülke, yeni.

